



Қазақстан Республикасы Су кодексінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 27 қараша N 1264

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Су кодексінің жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СУ КОДЕКСІ

Осы Кодекс су қатынастарының ұйымдастырушылық, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды және Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғаудың тиімділігін арттыруға бағытталған.

ЖАЛПЫ БӨЛІМ

БІРІНШІ БӨЛІМ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау

Негізгі қағидалар

1-бап. Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) акватория - табиғи, жасанды немесе шартты шекарамен шектелген су кеңістігі;
- 2) су объектісінің бассейні - гидравликалық түрде байланысты су айдындары мен су ағындарының су жинау алаңдарын қамтитын аумақ;
- 3) басқарудың бассейндік принципі - географиялық белгілер бойынша су қорын басқару және әкімшілік-аумақтық бірліктер арасындағы өзендер, көлдер және басқа да су айдындарының бассейндері шегінде су ресурстарын бөлу кезінде іске асырылады;
- 4) жағалау жиегі - судың барынша көтерілуі (топан су) нәтижесінде құралатын су а й д ы н ы н ы ң ж и е г і ;
- 5) жағалау белдеуі - табиғат қорғау талаптарын сақтап, навигациялық белгілер мен жабдықтарды орнату үшін су шегіндегі ені 20 метр су объектілері жағалауының

22) гидромелиоративтік жүйе - жер суғару, суландыру әрі құрғатуға арналған өзара технологиялық байланысты гидротехникалық құрылыстар, құрылғылар мен жабдықтар к е ш е н і ;

23) гидротехникалық құрылыстар - су ресурстарын басқару, суды дайындау, су тұтынушыларға беру, тасымалдау мен су бұру, сондай-ақ олардың зиянды әсерінің алдын алу үшін пайдаланылатын инженерлік құрылыстар;

24) санитарлық қорғау аймағы және санитарлық қорғау белдеуі - су сапасы нашарлауының алдын алу үшін сумен жабдықтау көзін (ашық және жер асты), су құбыры құрылыстарын және оларды қоршаған аумақты қорғау мақсатында белгіленген режим сақталуы тиіс сумен жабдықтау көзі әрі су құбыры құрылыстарының маңында а р н а й ы б ө л і н е т і н а у м а қ ;

25) су объектісі рекреациясы аймағы - жаппай демалыс, туризм және спорт үшін пайдаланылатын су объектісі немесе оған іргелес жағалаудағы оның учаскесі;

26) су пайдалану көзі - су тұтынушылар қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдаланылуы мүмкін су объектілері;

27) су объектілерін пайдалану - жеке және заңды тұлғалардың материалдық немесе өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін су объектілерінің пайдалы табиғи қ а с и е т т е р і н с ы р т қ а ш ы ғ а р у ;

28) өзендерге теңестірілген арналар - суды бір бассейннен екіншісіне, сондай-ақ бір өзен жүйесінен екіншісіне ауыстыруға арналған жасанды құрылыстар;

29) су пайдалану лимиттері - су бассейндері бойынша және жекелеген су пайдаланушылар үшін белгіленетін белгілі бір уақыт ішінде су ресурстарын су объектілерінен алудың немесе нормативтік сападағы сарқынды суларды су объектілеріне ағызудың рұқсат етілетін шекті көлемдері;

30) көлтабандық суғару - гидротехникалық құрылыстар жүйесінің көмегімен немесе оларсыз еріген қардың, тасқын және басқа да суларды ауыл шаруашылығы алқаптарын с у м е н б а с у ү ш і н п а й д а л а н у ;

31) арнайы су пайдалануға лицензия - техникалық құралдар мен құрылыстарды пайдаланып су объектісінен су алуға, пайдаланылған суларды су объектілеріне ағызуға, сондай-ақ олардан су алусыз су объектілерін пайдалануға иесіне құқық беретін жеке немесе заңды тұлғаға берілетін арнайы рұқсат;

32) ластаушы заттар шоғырлануының рұқсат етілетін шекті шегінің нормативтері - адам денсаулығын қорғау әрі өсімдік пен жануарлар дүниесіне зиянды әсерін болдырмау мақсатында белгіленетін ластаушы заттардың су объектілерінде болуы мен физикалық факторлардың су ортасына әсер етуінің рұқсат етілетін шамасы;

33) суғару арнасы - суды су көздерінен суғаруды талап ететін учаскелерге су тасымалдауға арналған жасанды құрылыс;

34) су объектілерін қорғау - су объектілерін сақтауға, қалпына келтіруге және молайтуға, сондай-ақ судың зиянды әсеріне жол бермеуге бағытталған кешенді қызмет;

35) жер бетіндегі су объектілері - шекарасы, көлемі мен су режимі сипаттары бар оның бедері нысанында құрғақ жер бетінде сулардың тұрақты немесе уақытша о р н а л а с у ы ;

36) су жіберулер - су ағынының төмендегі учаскесіндегі су шығысын немесе деңгейін немесе су қоймасының өзіндегі су деңгейін реттеу үшін су қоймасынан суды кезеңдік немесе бір мезгілдік беру;

37) су ағызу арнасы - бөлу желісінің жалғасы болып табылатын әрі пайдаланылған және артық суды өзен саласына немесе жергілікті сайға ағызу үшін пайдаланылатын ж а с а н д ы қ ұ р ы л ы с ;

38) сарқынды сулар - табиғи немесе жасанды су объектілеріне немесе жергілікті сайға белгіленген тәртіппен ағызылатын пайдаланылған немесе ластанған аумақтан к е л і п т ү с к е н с у л а р ;

39) трансшекаралық әсер - олардың физикалық көзі шектес мемлекеттің немесе көрші мемлекеттердің аумағында толық немесе ішінара орналасқан, адамның қызметінен трансшекаралық сулардың сандық немесе сапалық өзгеруі нәтижесінде туындайтын кез келген елеулі зиянды зардаптар.

2-бап. Қазақстан Республикасының су заңдары

1. Қазақстан Республикасының су заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Кодексте камтылғаннан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

3-бап. Су заңдарының мақсаты мен міндеттері

1. Су заңдарының мақсаты әр азаматтың, халықтың өмір сүру жағдайларын сақтау мен жақсарту және қоршаған ортаның жағдайларын сақтау үшін су пайдалану мен су қорын қорғаудың экологиялық қауіпсіз әрі экономикалық оңтайлы деңгейіне қол жеткізу әрі ұстау болып табылады.

2. Су заңдарының міндеттері:

1) елдің су қорларын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты ж ү р г і з у ;

2) с у қ а т ы н а с т а р ы н р е т т е у ;

3) тұрақты су пайдалану және су қорын қорғауды қолдау мен дамытудың құқықтық негізін қ а м т а м а с ы з е т у ;

4) су қорлары суларын пайдалану мен қорғаудың негізгі принциптері мен б а ғ ы т т а р ы н а й қ ы н д а у ;

5) су ресурстары мен су шаруашылығы құрылыстарын зерттеу, барлау, өндіру, ашу, ұтымды әрі кешенді пайдалану саласындағы қатынастарды басқару.

4-бап. Мемлекеттік су қоры

Қазақстан Республикасының мемлекеттік су қоры өзіне мемлекеттік су кадастрына енгізілген немесе енгізілмеген Қазақстан Республикасының аумағы шегіндегі барлық су объектілерінің жиынтығын, сондай-ақ оларда шоғырландырылған су ресурстарын қамтиды.

5-бап. Су объектілері

Шекарасы, көлемі мен су режимі бар жер беті бедеріндегі және жер қойнауындағы су шоғырланымдары Қазақстан Республикасының су объектілеріне жатады.

6-бап. Су ресурстары

Қазақстан Республикасының су ресурстары пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін су объектілерінде шоғырланған жер беті және жер асты сулары бүкіл қорының жиынтығы болып табылады.

7-бап. Су қорының жерлері

1. Су қорының жерлері - су объектілері, су шаруашылығы құрылыстары орналасқан жерлер, сондай-ақ су объектілерінің, су шаруашылығы құрылыстарының су қорғау аймақтарына және ауыз сумен жабдықтау су алу жүйелерінің санитарлық қорғау аймақтарына бөлінген жерлер.

2. Су объектілері орналасқан су қорының жерлері, сондай-ақ су объектілерінің су қорғау аймақтарына бөлінген жерлер мемлекет меншігінде.

3. Су шаруашылығы құрылыстары орналасқан су қорының жерлері, сондай-ақ су шаруашылығы құрылыстарының су қорғау аймақтарына және ауыз сумен жабдықтау су алу жүйелерінің санитарлық қорғау аймақтарына бөлінген жерлер көрсетілген құрылыстар жекешелендірілген жағдайда Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының жеке меншігінде болуы мүмкін.

4. Су шаруашылығы құрылыстары орналасқан және осы баптың 3-тармағында аталған жер учаскелері екі немесе одан да көп жер учаскелерінің иелеріне немесе жер пайдаланушыларға қызмет көрсетсе, оларға ортақ меншік немесе ортақ жер пайдалану құқығымен беріледі.

5. Су қорынан жер беру тәртібі Қазақстан Республикасының жер заңдарымен реттеледі.

8-бап. Су құқықтық қатынастары объектілерін меншіктену құқығының мазмұны

1. Қазақстан Республикасындағы сулар мемлекеттің ерекше меншігі болып табылады.

2. Мемлекет су ресурстарын ұтымды әрі кешенді пайдалануды, қорғау мен молайтуды қамтамасыз етеді және олардың тиімді пайдаланылуы мен қорғалуына кепілдік береді.

3. Су меншігі құқығын бұзған жеке және заңды тұлғалардың іс-әрекеттері заңсыз болып табылады және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жауапкершілікке тартылады.

9-бап. Су заңдарының негізгі принциптері

Су заңдары мынадай принциптерге негізделеді:

- 1) оның еңбегі мен демалысы үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін адам өмірі мен денсаулығының басымдығы;
- 2) мемлекет халықтың суға әділ әрі бірдей қол жеткізуіне кепілдік береді және ауыз судың қажетті санымен әрі кепілді сапасымен бірінші кезекте қанағаттандырылуын қамтамасыз етеді;
- 3) су пайдалану су объектілерінің қауіпсіз жай-күйіне жағдай жасауы, су алуды азайтуға әрі судың зиянды әсерін кемітуге мүмкіндік беретін кешенді және қазіргі заманғы технологияларды жер-жерлерде ұтымды игеретін болуы тиіс;
- 4) су пайдалану саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу суды табиғат объектісі, пайдалану объектісі және мемлекеттік меншік объектісі ретінде қарайды;
- 5) су объектілерін пайдалану оларды қорғаумен бірге кешенді қаралады, оларды ажыратуға жол берілмейді;
- 6) арнайы су пайдалануды жүзеге асырудың ақылылығы;
- 7) су заңдары талаптарының сақталуы, оларды бұзғаны үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы;
- 8) суларды пайдалану мен қорғау жөніндегі міндеттерді шешудегі жариялылық және оларды шешуге жұртшылықты тарту;
- 9) мемлекет шаруашылық қызметінде су шаруашылығы құрылыстарына меншіктің әртүрлі нысандары болуына жол береді;
- 10) жалпы танылған халықаралық нормалар мен шарттар негізінде трансшекаралық суларды пайдаланумен байланысты қатынастар құру.

10-бап. Қазақстан Республикасының су және өзге де заңдарымен реттелетін су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы қатынастар

1. Қазақстан Республикасының су заңдары су объектілерін пайдалану мен қорғау, су қорын және су шаруашылығы құрылыстарын басқару саласындағы қатынастарды және өзге де су қатынастарын реттейді.

2. Су объектілерін пайдалану мен қорғау кезінде туындайтын қатынастар жерге, орманға, өсімдік және жануарлар дүниелеріне қатысты бөлігінде арнайы заңдармен және осы Кодекспен су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау үшін қажетті мөлшерде реттеледі.

3. Су объектілерінің экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және шаруашылық және табиғи су экологиялық жүйелеріне өзге де қызметтің зиянды әсерін болдырмау кезінде туындайтын қатынастар қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңдармен, сондай-ақ осы Кодекспен реттеледі.

4. Жер қойнауын геологиялық зерттеу, барлау және кешенді игеру, жер асты сулары мен жер асты құрылыстарын судың зиянды әсерінен қорғау саласында туындайтын

қатынастар жер қойнауы режиміне бағындырылады және жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану, өнеркәсіптегі қауіпсіздік саласындағы тиісті заңдармен, ал жер асты суларын пайдалану саласындағы қатынастарды басқару мәселелері осы Кодекспен р е т т е л е д і .

5. Су заңдарын бұзғаны үшін заң жауапкершілігін қолданумен байланысты қатынастар азаматтық заңдармен, Әкімшілік құқық бұзушылық кодексімен және Қылмыстық кодекспен реттеледі.

6. Су объектілеріндегі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласында туындайтын қатынастар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы заңдармен реттеледі.

7. Кеме жүзуі мен теңізде жүзу саласында туындайтын қатынастар су көлігі саласындағы заңдармен реттеледі.

8. Теңіз суларын пайдалану саласындағы қатынастар осы Кодекспен және белгіленген тәртіппен бекітілген халықаралық шарттармен реттеледі.

2-тарау

Су қатынастары объектілері

11-бап. Су қатынастары объектілері

1. Су объектілері немесе олардың бөліктері, бөлінген белдеуімен және су қоры жерлерімен бірге су шаруашылығы объектілері су қатынастарының объектілері болып т а б ы л а д ы .

2. Су объектілері мыналарға бөлінеді:

- 1) жер беті су объектілері;
- 2) жер асты су объектілері;
- 3) Қазақстан Республикасының теңіз сулары;
- 4) трансшекаралық су объектілері.

3. Пайдалану түрлеріне қарай су объектілері мыналарға бөлінеді:

- 1) жалпы пайдаланудағы су объектілері;
- 2) бірлесіп пайдаланудағы су объектілері;
- 3) оқшау пайдаланудағы су объектілері;
- 4) ерекше қорғалатын су объектілері;

5) ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері.

12-бап. Жер беті су объектілері

1. Жер беті су объектілері мыналарға бөлінеді:

1) жер беті су ағындары - өзендер, бұлақтар, салалы су қоймалары, өзендерге теңестірілген арналар, су ресурстарын бассейнаралық қайта бөлу мен кешенді п а й д а л а н у а р н а л а р ы ;

2) жер беті су айдындары - теңіздер, көлдер, су қоймалары, батпақтар мен тоғандар;

2. Жер беті су объектілері сулардан, олардың түбінен және жағалауынан тұрады.

13-бап. Жер асты су объектілері

Жер асты су объектілеріне мыналар жатады:

1) суы бар аймақтар, кенді жыныстар жиектері мен кешендері - кен жыныстарының жарықтары мен кеуек қуыстарында шоғырланған және гидравликалық байланыстағы сулар ;

2) жер асты суларының бассейні - жер қойнауында орналасқан суы бар жиектер жиынтықтары ;

3) жер асты кеніштері мен учаскелері - шегінде жер асты суларын өндіру мен шығару үшін қолайлы жағдайлар бар сулы жиектер бөлігі;

4) жер асты суларының табиғи жарып шығуы - жер асты суларының судан немесе жер астынан жарып шығуы ;

5) жер қойнауының сулы учаскелері.

14-бап. Теңіз сулары

1. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының теңіз суларына Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы шегіндегі орналасқан Каспий және Арал теңізінің сулары жатады.

2. Қазақстан Республикасы теңіз суларының жағалаулық жиектері Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен белгіленеді.

15-бап. Траншекаралық су объектілері

1. Екі немесе одан да көп шет мемлекеттер шекарасын белгілейтін, оларды қиып өтетін немесе олар бойынша трансшекаралық су объектілері Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы өтетін жер беті және жер асты су объектілері трансшекаралық су объектілері болып табылады.

2. Траншекаралық су объектілерін пайдалану мен қорғау тәртібі осы Кодекспен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара туралы заңдарымен және заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілген халықаралық шарттармен белгіленеді.

16-бап. Жалпы пайдаланудағы су объектілері

1. Егер су қорғау экологиялық немесе өзге де мүдделерде Қазақстан Республикасының заңдарымен өзгеше көзделмесе, барлық су объектілері жалпы пайдаланудағы объектілер болып табылады.

2. Жалпы пайдаланудағы су объектілеріндегі жалпы су пайдалану осы Кодекспен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Жалпы пайдаланудағы су объектілерін пайдалануда Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайларда шектеуге рұқсат етіледі.

17-бап. Бірлесіп пайдаланудағы су объектілері

1. Бірнеше жеке немесе заңды тұлғаның пайдалануына берілген су объектілері немесе олардың бөліктері бірлесіп пайдаланудағы су объектілері болып табылады.

2. Су объектілерін бірлесіп пайдалану кезінде бірінші кезекте су ағынының төмен жағында орналасқан су пайдаланушыларының мүдделері қанағаттандырылады.

3. Бірлесіп пайдаланудағы су объектілерін пайдаланатын су пайдаланушылар өзара мүдделерін ескеруге су пайдалану құқықтарын жүзеге асыруды қиындатпауға және бірі-біріне зиян тигізбеуге тиіс.

4. Бірлесіп пайдаланудағы су объектілерін жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен су қорын пайдалану мен қорғау жергілікті уәкілетті мемлекеттік басқару органымен келісім бойынша береді.

5. Осындай объектілердегі бірлесіп су пайдалану осы Кодекспен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

18-бап. Оқшау пайдаланудағы су объектілері

1. Оқшау пайдалануды жүзеге асыру үшін жеке және заңды тұлғаларға берілген су объектілері немесе олардың бөліктері оқшау пайдаланудағы су объектілері болып табылады.

2. Оқшау пайдаланудағы су объектілері осы Кодекспен белгіленген тәртіппен бірлесіп пайдаланудағы су объектілері ретінде пайдаланылуы мүмкін.

3. Уақытша жер пайдалануға немесе жеке меншікке берілетін жер учаскелеріндегі су объектілері немесе олардың бөліктері жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік басқару органымен келісім бойынша оқшау пайдалануға беруге жатады.

19-бап. Ерекше қорғалатын су объектілері

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ерекше қорғалатын су объектілерінің мынадай санаттарын белгілеуі мүмкін:

1) Қазақстан Республикасының ішкі теңіз сулары мен теңіз аумағының қорықтық учаскелері;

2) бірегей табиғи ландшафтыға жатқызылған су ағындары мен су айдындары;

3) су объектілерінің көздері немесе сағаларының аймақтары;

4) балықтардың бағалы түрлерінің уылдырық шашатын жерлері;

5) геологиялық қорғалмаған кен орындары және қалалар мен ірі елді мекендердің жер асты суларынан су алуы;

6) ормандармен, жануарлар дүниесімен және ерекше қорғалуы тиіс басқа да табиғи ресурстармен ажырамас байланыста қаралатын су объектілерінің өзге де санаттары.

2. Халықаралық маңызы бар ерекше қорғалатын су объектілері - Қазақстан Республикасының трансшекаралық (шекаралық) су объектілері, ішкі теңіз сулары мен теңіз аумағының учаскелері, су-батпақ алқаптары Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

белгілеген тәртіппен айқындалады.

3. Ерекше қорғалатын су объектілерін құру тәртібі, оларды күзету мен пайдаланудың режимдері, қызметі шарттары ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдармен белгіленеді.

20-бап. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері

1. Қоршаған орта мен аймақ экономикасына үстем әсер ететін және шаруашылық қызметін реттеудің ерекше құқықтық режимін талап ететін жаратылысы ерекше табиғи су кешендері ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері болып танылады.

2. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізбесін және олардағы шаруашылық қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

21-бап. Су объектілерінің айналымдық қабілеті

Осы Кодекстің 7-бабы 3-тармағында көрсетілген жерлерді қоспағанда, су объектілерінің, су қоры жерлерінің айналымына, сондай-ақ олардағы су объектілері мен жерлердің иеліктен айырылуына әкеп соғуы мүмкін сатып алу, сату, кепілге беру және басқа да мәмілелер жасасуға рұқсат етілмейді.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

СУ ОБЪЕКТІЛЕРІ МЕН СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫСТАРЫН МЕНШІКТЕНУ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚҰҚЫҚТАР

3-тарау

Су объектілерін меншіктену құқығы және басқа да құқықтар

22-бап. Су объектілерін меншіктену құқығы

1. Су объектілерін иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығы Қазақстан Республикасының су заңдарымен реттеледі.

2. Қазақстан Республикасының атынан су объектілеріне меншік иесі құқықтарын Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

23-бап. Су объектілерін меншіктенуші болып табылмайтын тұлғалардың су объектілеріне құқықтары

1. Су ресурстарын алып қойып пайдаланудан басқа, өзге де мақсаттарда су объектілерін пайдалану үшін су объектілерін пайдалану құқығын жергілікті атқарушы органдар су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік басқару органымен келісім бойынша заңды және жеке тұлғаларға су объектілерін пайдалану құқығын береді.

2. Су объектілерін меншіктенуші болып табылмайтын тұлғалардың су объектілеріне мынадай құқықтары болуы мүмкін:

- 1) қысқа мерзімді пайдалану құқығы;
- 2) ұзақ мерзімді пайдалану құқығы;
- 3) шектеулі пайдалану құқығы (су сервитуты).

3. Қысқа мерзімді пайдалану құқығы бес жыл мерзімге дейін, ұзақ мерзімді пайдалану құқығы бес жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге беріледі.

4. Су пайдаланушылар су пайдалану құқықтарына билік ете алмайды.

24-бап. Су объектісін шектеулі пайдалану құқығы (су сервитуты)

1. Су объектісін шектеулі пайдалану құқығы жалпы және жеке су сервитуттары нысандарында көрінеді.

2. Жалпы пайдаланудағы су объектілерін әркім пайдалана алады, мұндай жағдайда жалпы су сервитуты су объектісінің ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Жалпы пайдаланудағы су объектісі болып табылмайтын су объектілеріне жалпы су сервитуты Қазақстан Республикасының заңдары, жергілікті атқарушы органның актісі немесе оларды пайдалануға алған заңды немесе жеке тұлғалардың су объектісін пайдалану тәртібін жариялау негізінде туындауы мүмкін.

4. Ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді пайдалануға берілген су объектілері өзге де мүдделі тұлғалардың пайдасына (жеке су сервитуты) шектелуі мүмкін.

5. Жеке су сервитуттары сот шешімі негізінде де белгіленуі мүмкін.

6. Жалпы және жеке су сервитуттары мынадай:

1) құрылыстарды техникалық құралдармен құрылғыларды қолданусыз су алу;

2) суатқа мал айдау;

3) сал, қайық және басқа да шағын көлемді жүзу құралдары үшін су жолдары ретінде су объектілерін пайдалану мақсаттарында белгіленуі мүмкін.

7. Су сервитуттарын жүзеге асыру үшін арнайы су пайдалануға лицензия алу талап етілмейді.

8. Су объектісі маңындағы жер учаскелерін пайдаланушылар мен иелері үшін жер сервитуты белгіленуі мүмкін. Оның туындауы мен құқықтық реттеу тәртібі Қазақстан Республикасының жер заңдарымен айқындалады.

4-тарау

Су шаруашылығы құрылыстарын меншіктену құқығы және басқа да құқықтар

25-бап. Су шаруашылығы құрылыстары

Су шаруашылығы құрылыстары - су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеу, халықты, экономика салаларын сумен қамтамасыз ету, сарқынды суларды бұру

мақсаттарында және судың зиянды әсерін жою үшін су объектілерінде қолдан жасалған гидротехникалық құрылыстар мен құрылғылар.

26-бап. Су шаруашылығы құрылыстарын меншіктену құқығы

1. Су шаруашылығы құрылыстары мемлекеттік меншікте не жеке меншікте болуы мүмкін.

2. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, азаматтық құқық объектілері туралы Қазақстан Республикасы азаматтық заңдарының жалпы ережелері оларға қолданылады.

27-бап. Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары

1. Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарына су қоймаларындағы гидротехникалық құрылыстар, су көтеру бөгеттері (шлюздер) мен су көздеріндегі құрылғылар, ауыз су мақсатындағы су алу құрылғылары, мемлекетаралық және облысаралық су бұру арналары, кеме жүретін су жолдары, шамшырақтар, кеме қауіпсіз жүруін реттейтін әрі кепілдік беретін құрылғылар мен навигациялық белгілер, мұнай-газ гидротехникалық құрылыстары (теңіз тұғырнамалары).

2. Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен айқындалады.

3. Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары жалға, сенімгерлік басқаруға берілмейді және жекешелендіруге жатпайды.

28-бап. Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстары

Су көздерінде орналасқан және республикалық меншікке жатқызылған су шаруашылығы құрылыстары мемлекеттік су шаруашылығы ұйымдарына бекітіп беріледі. Су шаруашылығы құрылыстарының тізбесін су қорын пайдалану мен қорғау, геология және жер қойнауын пайдалану мен қорғауды басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар ұсыныстары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жалға, сенімгерлік басқаруға беріледі және жекешелендіріледі.

29-бап. Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстары

Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстары мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарға бекітіп беріледі. Егер осы Кодекспен өзгеше белгіленбесе, ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарынан басқалары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес белгіленген тәртіппен және шарттармен кейін жеке меншікке сату немесе тегін беру құқығымен жеке және заңды тұлғаларға жалға, сенімгерлік басқаруға беріледі.

30-бап. Ауыз сумен жабдықтау жүйесін меншіктену құқығы

1. Ауыз сумен жабдықтау жүйесі тіршілікті қамтамасыз етудің аса маңызды объектілеріне жатады және республикалық, коммуналдық меншікте, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың меншігінде болуы мүмкін.

2. Коммуналдық меншіктегі ауыз сумен жабдықтау жүйесін пайдалануды коммуналдық, бірлескен және басқа да кәсіпорындар жүргізеді.

3. Ауыз сумен жабдықтаудың жекелеген жүйелері тұрғын үй кондоминиумдарының құрамына кіруі және үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің меншігі болуы мүмкін.

31-бап. Ауыл шаруашылығы су пайдаланушыларына қызмет көрсетуге арналған су шаруашылығы құрылыстары

1. Ауыл шаруашылығы су пайдаланушыларына қызмет көрсетуге арналған су шаруашылығы құрылыстары коммуналдық меншікте де, сондай-ақ су пайдаланушылар мен олардың бірлестіктерінің де меншігінде болуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген су шаруашылығы құрылыстары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында белгіленген тәртіппен және шарттармен бұл құрылыстар қызмет көрсететін су пайдаланушыларға немесе олардың бірлестіктеріне жалға, сенімгерлік басқаруға, тегін пайдалануға берілуі, сондай-ақ сатылуы немесе өтеусіз берілуі мүмкін.

32-бап. Уақытша мемлекеттік басқару

1. Ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда және республика немесе аймақ экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар жекелеген су шаруашылығы құрылыстарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның ұсынысы бойынша бұл құрылыстарға қатысты уақытша мемлекеттік басқаруды енгізуі мүмкін.

2. Уақытша мемлекеттік басқаруды енгізудің тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

33-бап. Су шаруашылығы құрылыстарына құқықтарды және олармен мәмілелерді мемлекеттік тіркеу

Су шаруашылығы құрылыстары оларға құқықтар және олармен жасалатын мәмілелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы жылжымайтын мүліктерді мемлекеттік тіркеу туралы заңдарына сәйкес міндетті түрде мемлекеттік тіркеуге жатады.

34-бап. Су шаруашылығы құрылыстары иелерінің жауапкершілігі

1. Су шаруашылығы құрылыстарының иесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес олардың техникалық жай-күйінің қауіпсіздігі үшін жауап береді.

2. Су шаруашылығы құрылыстары иелерінің қауіпсіздікті қамтамасыз етуін қадағалауды су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік басқару органымен келісім бойынша төтенше жағдайлар және өнеркәсіптегі қауіпсіздік жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

СУ ҚОРЫН ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ

5-тарау

Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқару

35-бап. Су шаруашылығы кешенін мемлекеттік басқару

1. Қазақстан Республикасының су шаруашылығы кешенін мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі, су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік басқару органы, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

2. Су шаруашылығы кешені жүйесін басқару құрылымы кешенділігі мен бағыныстылығын ескере отырып, мынадай деңгейлерге бөлінеді:

- 1) мемлекетаралық;
- 2) мемлекеттік;
- 3) бассейндік;
- 4) аумақтық.

3. Басқару деңгейлері арасындағы функционалдық бағыныстылық пен міндеттер бөлісу осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

4. Мемлекеттік органдар су қорын ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге әрі жүзеге асыруға азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерді тартуы мүмкін.

36-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі принциптері

Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мынадай принциптерге негізделеді:

1) халықтың өмірі мен тіршілігінің негізі болып табылатын су ресурстарының ұлттық және қоғамдық маңызын тануға;

2) су объектілерінің сақталуы мен қалпына келтірілуін, су пайдаланудың оңтайлы жағдайларын, қоршаған ортаның экологиялық тұрақтылығы мен санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ететін су объектісінің бүкіл бассейні мен оның бөліктерін ұқыпты, ұтымды әрі кешенді пайдалану мен қорғауды ұштастыруға;

3) су қорын пайдалану, оның шаруашылық пайдаланылуын қорғау мен суды молайту саласындағы мемлекеттік бақылау мен басқару функцияларын бөлуге;

4) бассейндік басқаруға.

37-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі міндеттері

Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мынадай негізгі міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді:

1) экономика салаларын сумен қамтамасыз етуді талдау әрі бағалау, кемшіліктерді анықтау және оларды жою жөніндегі міндеттерді айқындау;

2) қолда бар су ресурстарының көлемін, олардың сапасын және су ресурстарын пайдалануға құқықтардың болуын анықтау;

3) су тұтыну, су бұру мен су қорғау технологияларын жетілдірудің негізгі бағыттарын әзірлеу;

4) қолда бар су ресурстарының көлемін ұлғайту және су тапшылығын жабу үшін оларды ұтымды қайта бөлу жөніндегі іс-шаралардың болжамы және іс-шаралар ұйымдастыру;

5) жылдың сулылығына қарай суға қажеттілікті қанағаттандырудың басымдықтары бойынша су ресурстарын бөліп су пайдалану құрылымын белгілеу;

6) ғылыми негізделген нормативтер негізінде су пайдалану мен қайтымды суларды ағызуды лимиттеу;

7) экологиялық талаптар мен шектеулерді жоспарлау мен оларды сақтау;

8) су объектілерінің сандық әрі сапалық жай-күйін және су пайдалану режимін бақылау;

9) мемлекеттік меншіктегі су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын тиімді басқару;

10) су шаруашылығы қызметтерін көрсету рыногын дамыту.

6-тарау

Су қорын пайдалану мен қорғауды басқару саласындағы мемлекеттік органдардың құзыреті

38-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Су қорын пайдалану мен қорғауды басқару саласында Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне мыналар кіреді:

1) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу;

2) республикалық меншіктегі су шаруашылығы объектілерінің тізбесін бекіту;

3) республикалық меншіктегі су объектілерін басқару мен су шаруашылығы құрылыстарына билік ету;

4) сулар мен оларды пайдалануды мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастры мен су мониторингін жүргізу тәртібін белгілеу;

5) суларды пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібін белгілеу;

б) су объектілерін пайдалануға беру, арнайы су пайдалануға лицензия беру тәртібін
б е к і т у ;

7) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су беру жөніндегі қызметтер құнын
с у б с и д и я л а у т ә р т і б і н б е к і т у ;

8) су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережелерін бекіту;

9) су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың жалпы және бассейндік
схемаларын және су шаруашылығы баланстарын әзірлеу мен бекіту тәртібін белгілеу;

10) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын жалға немесе сенімгерлік
б а с қ а р у ғ а б е р у т ә р т і б і н б е л г і л е у ;

11) су шаруашылығына инвестициялар тарту;

12) ерекше мемлекеттік маңызы немесе ғылыми құндылығы бар, ерекше
қорғалатын су объектілері санатына жатқызылған су айдындары тізбесін бекіту;

13) судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды, құрылыстар мен басқа да
объектілерді орналастырудың және пайдалануға берудің, сондай-ақ су айдындарында,
олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар
жүргізудің т ә р т і б і м е н ш а р т т а р ы н б е л г і л е у ;

14) республика облыстары арасындағы су қатынастары ережелерін бекіту;

15) су шаруашылығы құрылыстарына қатысты уақытша мемлекеттік басқаруды
е н г і з у ;

16) трансшекаралық суларды пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша шет
мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен заңдарда белгіленген тәртіппен
ы н т ы м а қ т а с т ы қ ж а с а у ;

17) осы Кодекске сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

**39-бап. Су қорын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік басқару органының
құзыреті**

1. Су қорын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік басқаруды Қазақстан
Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы және оның бассейндік су
шаруашылығы б а с қ а р м а л а р ы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

2. Су қорын пайдалану мен қорғауды уәкілетті мемлекеттік басқару органының
қ ұ з ы р е т і н е м ы н а л а р к і р е д і :

1) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен
і с к е а с ы р у ғ а қ а т ы с у ;

2) экономиканың су секторының дамыту бағдарламаларын әзірлеу;

3) негізгі өзендердің бассейндері мен жалпы республика бойынша су ресурстарын
кешенді пайдалану мен қорғау схемаларын әзірлеу;

4) экономика салаларында су тұтынудың үлестік нормаларын келісу;

5) белгіленген тәртіппен арнайы пайдалануға лицензиялар беру, тоқтата тұру және
қ а й т а р ы п а л у ;

б) бассейндер мен су пайдаланушылар бөлінісінде су пайдалану лимиттерін бекіту;

- 7) жалпы су пайдалану үлгі ережелерін бекіту;
- 8) санитарлық нормалар мен экологиялық талаптарды ескере отырып, оларды кешенді пайдалану негізінде су ресурстарын аймақаралық, облысаралық, ауданаралық және салааралық бөлуді қамтамасыз ету;
- 9) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су беру жөніндегі қызметтер құнын субсидиялау тәртібін әзірлеу;
- 10) су қорын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 11) су пайдалану саласындағы үлестік нормалар мен нормативтерді бекіту;
- 12) су ресурстарын пайдалануды мемлекеттік есепке алу, мемлекеттік геология және жер қойнауын қорғау, гидрометеорология мен санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен бірлесіп су объектілерінің мемлекеттік су кадастры мен мониторингін жүргізу, су ресурстарының ақпараттық дерекқорын жасау әрі жүргізу және оған барлық мүдделі тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- 13) су көздерінде тікелей орналасқан су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану режимін бекіту;
- 14) суларды пайдалану мен қорғауды реттеу саласындағы жобалау, іздестіру, ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстар ұйымдастыру;
- 15) су шаруашылығы объектілерін пайдалануға қабылдау мен тапсыру жөніндегі жұмысқа қатысу, су шаруашылығы құрылыстарының жобалары мен су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін құрылыс, түбін тереңдету және өзге де жұмыстарды келісу;
- 16) республикалық меншіктегі су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануды ұйымдастыру;
- 17) су қатынастары саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді белгіленген тәртіппен қарау. Су заңдары бұзылған жағдайда мемлекетке келтірілген зиянды өтеуге сот тәртібімен талап-арыз беру;
- 18) мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша кешенді мақсаттағы су қоймаларын пайдалану ережелерін бекіту;
- 19) су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын әзірлеу;
- 20) су шаруашылығындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың басым бағыттарын әзірлеуге, инвестициялар тарту мен пайдалануға қатысу;
- 21) су секторы үшін инвестициялық жобалар дайындау әрі іске асыру;
- 22) су қатынастарын реттеу, трансшекаралық су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша шектес мемлекеттермен заңдарда белгіленген тәртіппен ынтымақтастық жасау;
- 23) ерекше қорғалатын су объектілерінің, соның ішінде республикалық меншіктегі ауыз сумен жабдықтау режимін, су қорғау аймақтары мен белдеулері туралы ережелер әзірлеу;
- 24) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

3. Су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

40-бап. Жергілікті өкілді органдардың құзыреті

Жергілікті өкілді органдардың құзыретіне су қатынастары саласында мыналар к і р е д і :

1) су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен үлгі ережелер негізінде аймақтық жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы су пайдалану ережелерін белгілеу;

2) су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі аймақтық бағдарламаларды бекіту және олардың орындалуын бақылау;

3) коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануға беру және алып қою тәртібін белгілеу;

4) осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де актілерімен оларға жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

41-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

Жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне су қатынастары саласында мыналар к і р е д і :

1) коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын басқару мен пайдалану жөніндегі су шаруашылығы ұйымдарын құру;

2) бассейндік су шаруашылығы басқармаларымен, геология мен жер қойнауын басқару және санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау аумақтық органдарымен келісім бойынша ауыз сумен жабдықтау көздерінің су қорғау аймақтарын, белдеулері мен санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу;

3) су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекетті органымен келісім бойынша су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға беру;

4) бассейндік кеңестер жұмысы мен бассейндік келісімдерге қатысу;

5) су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі аймақтық бағдарламаларды әзірлеу, қаржыландырылуын қамтамасыз ету және оларды іске асыру;

6) су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі бассейндік бағдарламалардың қаржыландырылуын қамтамасыз ету және оларды іске асыруға ү л е с т і к қ а т ы с у ;

7) судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар, құрылыстар мен басқа да объектілерді орналастыру мен іске қосуды, сондай-ақ су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі құрылыс, түбін тереңдету және басқа да жұмыстар жүргізу шарттарын к е л і с у ;

8) су объектілерінің жай-күйі туралы халықты хабардар ету;

9) су объектілерін пайдалануға шектеулер енгізу;

10) осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де актілерімен оларға жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

7-тарау

Су ресурстарын бассейндік басқару

42-бап. Бассейндік су шаруашылығы басқармаларының міндеттері мен функциялары

1. Бассейндік су шаруашылығы басқармалары су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органының аумақтық бөлімшелері болып табылады, олардың негізгі міндеттері су объектісі бассейніндегі су ресурстарын біріктіріп басқаруды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Бассейндік су шаруашылығы басқармалары мынадай функцияларды жүзеге асырады :

1) бассейндік принцип негізінде гидрографиялық бассейн су ресурстарын кешенді басқару ;

2) су қатынастары субъектілерінің оң экономикалық, орынды, әділ әрі экологиялық тұрақты нәтижеге қол жеткізу мақсатында қолда бар су ресурстарын пайдалану жөніндегі қызметін үйлестіру ;

3) бассейн шегінде перспективалық жоспарлар мен даму бағдарламалары негізінде су объектілерін қалпына келтіру мен қорғау туралы бассейндік келісімдер дайындау ;

4) су қорын пайдалану мен қорғауды, барлық жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының су заңдарын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ;

5) қоршаған ортаны қорғау, геология мен жер қойнауын қорғау және гидрометеорология органдарымен бірлесіп бассейндер бойынша мемлекеттік есепті, мониторингін, мемлекеттік су кадастрын жүргізу ;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен арнайы су пайдалануға лицензиялар беру, тоқтата тұру және қайтып алу ;

7) мүдделі мемлекеттік органдардың қорытындыларын ескере отырып, мыналарды келісу :

бассейн су объектілерін ұтымды пайдалану жөніндегі жергілікті атқарушы органдар жоспарларын ;

судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындардың, құрылыстардың және басқа да объектілердің орнын белгілеу жөніндегі ұсыныстарды ;

судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды, құрылыстарды және басқа да объектілерді салу мен қайта жаңарту жобаларын ;

су объектілерінде, су қорғау белдеулері мен аймақтарында құрылыс, түбін тереңдету, пайдалы қазбалар, су өсімдіктерін өндіру жөніндегі жарылыс жұмыстарын,

кабельдер мен тұрба құбырларын және басқа да коммуникацияларды салу, сондай-ақ бұрғылау, ауыл шаруашылығы және басқа да жұмыстар жүргізу туралы құжаттарды; су объектілерін сақтау, олардың жай-күйін жақсарту жөніндегі іс-шаралар ж о с п а р л а р ы н ;

8) судың жай-күйіне әсер ететін өндірістік, ауыл шаруашылық және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерді (іске қосу кешендерін) пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссиялардың жұмысына, сондай-ақ дүлей зілзалалардың (топан су, тасқын, және т.б.) зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарға қатысу;

9) су пайдаланушылар бөлінісінде және бассейндер бойынша су пайдалану л и м и т т е р і н б е л г і л е у ;

10) жер асты суларының қорларын бекітуге қатысу;

11) бірлесіп пайдаланылатын су қоймалары жұмыс режимін бекіту мен бақылау, салааралық, облысаралық және мемлекетаралық маңызы бар ірі су қоймалары жұмыс р е ж и м і н б а қ ы л а у ;

12) аймақаралық, облысаралық, мемлекетаралық су көздері бойынша су алу мен су бөлу жоспарларын әзірлеу әрі олардың сақталуын бақылау;

13) бассейн суларын кешенді пайдалану мен қорғау схемаларын, су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану ережелерін келісу;

14) бассейн бойынша су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеуге қатысу;

15) су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға беру туралы ұсыныстарды және оларда су пайдалану шарттарын келісу;

16) судың жай-күйіне әсер ететін, су қорын пайдалану мен қорғау саласында белгіленген нормалар мен ережелерді бұзып жүзеге асырылған су шаруашылығы және өзге де объектілерді қаржыландыруды, жобалау мен құрылысын салуды тоқтату туралы заңдарда белгіленген тәртіппен талаптар қою;

17) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес кінәлілерді жауапқа тарту үшін су заңдарының бұзылуы туралы материалдарды сот және құқық қ о р ғ а у о р г а н д а р ы н а б е р у ;

18) су заңдары бұзылған жағдайда мемлекет келтірілген зиянды өтеуге сот т ә р т і б і м е н т а л а п - а р ы з б е р у ;

19) су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыс туралы, судың жай-күйі мен сапасын жақсарту жөнінде қабылданған шаралар туралы белгіленген құзыреті шегінде халықты хабардар ету;

20) су ресурстарын пайдалану мен қорғау мәселелері жөнінде жергілікті атқарушы және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

21) су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау ісінде халықты ағарту мен тәрбие беру ж ө н і н д е ж ұ м ы с т а р жү р г і з у ;

22) осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де актілерімен оларға жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

43-бап. Су ресурстарын басқарудың бассейндік принципін іске асыруға қоршаған ортаны қорғау уәкілетті мемлекеттік органы аумақтық бөлімшелерінің қатысуы

1. Қоршаған ортаны қорғау уәкілетті мемлекеттік органы аумақтық бөлімшелерінің су ресурстарын басқарудың бассейндік принципін іске асырудағы негізгі функциялары мыналар болып табылады:

1) жасалған су шаруашылығы теңгерімдері, бассейн су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемалары негізінде су объектілерін ұтымды пайдалану мен қорғау жоспарларын келісу;

2) су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органымен бірлесіп бассейн су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізуі;

3) су объектілеріне әсермен байланысты жеке және заңды тұлғалар қызметіне, сондай-ақ бассейн су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін шаруашылық және басқа да объектілерді салу мен қайта жаңартуға арналған жобалау алдындағы және жобалау құжаттамаларына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге қатысу;

4) су объектілерінің қорғалуы мен олардың су қорғау аймақтары аумақтарын пайдалану режимінің сақталуын мемлекеттік бақылау;

5) бассейндік келісімдер әзірлеуге және олардың ведомстволық бағыныстағы аумақтарда жүзеге асырылуын бақылауға қатысу;

6) су объектілерін пайдалану, қалпына келтіру мен қорғау жөніндегі мемлекеттік (аумақтық және бассейндік) бағдарламалар әзірлеу және оларға ұсыныстар енгізу.

2. Өз функцияларын орындау кезінде қоршаған ортаны қорғау уәкілетті мемлекеттік органының аумақтық бөлімшелері су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың берілген жалпы және бассейндік схемаларын ұстанады.

44-бап. Су объектілерін қалпына келтіру мен қорғау туралы бассейндік келісімдер

1. Су объектілерін қалпына келтіру мен қорғау туралы бассейндік келісімдер (бұдан әрі - бассейндік келісімдер) су объектілерін қалпына келтіру мен қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында су қатынастары субъектілерінің қызметін біріктіру және үйлестіру үшін жасалады және бассейндік су шаруашылығы басқармалары, жергілікті атқарушы органдар және су объектісі бассейні шегінде орналасқан басқа да субъектілер арасында жасалады.

2. Бассейндік келісімдерде тараптардың оларды іске асыру мерзімі көрсетіліп, нақты су қорғау іс-шараларын іске асыру үшін қажетті күштер мен құралдарды кооперациялау жөніндегі міндеттемелерін қамтиды.

3. Бассейндік келісімдерді дайындау су шаруашылығы теңгерімдері, су объектілерін кешенді пайдалану мен қорғау схемалары, су объектілерін пайдалану, қалпына келтіру мен қорғау жөніндегі бағдарламалар, өзге де ғылыми және жобалық әзірленімдер, даму болжамдары, сондай-ақ мақсатты бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады.

4. Бассейндер келісімдердің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін жеке және заңды тұлғалар қаражаты су объектілерін қалпына келтіру мен қорғау жөніндегі іс-шараларға жұмсалатын қорлар құруы мүмкін.

45-бап. Бассейн кеңесі

1. Бассейн кеңесі - оған мемлекеттік-билік және бақылау-әкімшілік өкілеттіктері берілмей бассейндік келісім шеңберінде құрылатын консультативтік-кеңесші орган.

2. Бассейн кеңесі су басқару, мүліктік қандай да болсын қоғамдық қатынастар субъектісі болып табылмайды.

3. Бассейн кеңесін осы бассейн су шаруашылық басқармасының басшысы басқарады және ол жергілікті атқарушы және өкілді органдардың басшыларынан, уәкілетті мемлекеттік органдар аумақтық бөлімшелері басшыларынан және су пайдаланушылар өкілдерінен тұрады. Бассейн кеңесінің құрамына, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті өзін өзі басқарудың өкілдері кіреді.

4. Бассейн кеңесі су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы өзекті мәселелерді қарайды, бассейндік келісімге қатысушылар үшін ұсыныстар мен ұсынымдар енгізеді.

8-тарау

Су қорын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік жоспарлау

46-бап. Су қорын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік жоспарлаудың міндеттері

1. Су қорын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік жоспарлау халықтың ауыз су мен тұрмыстық қажеттіліктерін бірінші кезекте қанағаттандыруды, суларды қорғау мен олардың зиянды әсерінің алдын алуды ескере отырып, су пайдаланушылар арасында суларды ғылыми негізделген түрде бөлуді қамтамасыз етеді.

2. Су қорын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік жоспарлау үшін су шаруашылығы теңгерімдері, суларды кешенді пайдалану мен қорғау схемалары, экономиканың өндіргіш күштері мен салаларын дамыту мен орналастырудың болжау схемалары жасалады.

47-бап. Су шаруашылығы теңгерімдері

1. Су шаруашылығы теңгерімдері су объектілері бассейндері, экономикалық аудандар бойынша және тұтас республика бойынша су ресурстарының бар-жоғы мен оларды пайдалану мүмкіндіктерін бағалауға арналған.

2. Негізгі өзендер бассейндері мен тұтас алғанда, республикаға арналған су шаруашылығы теңгерімдері Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен әзірленеді.

3. Су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеумен байланысты шығындар республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

48-бап. Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемалары

1. Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемалары су ресурстарын біріктіріп басқару мәселелері бойынша шешім қабылдау мақсатында әзірленеді.

2. Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемаларын су ресурстарын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органы мүдделі министрліктер, ведомстволар мен жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен ғылыми және мамандандырылған жобалау ұйымдарын қатыстыра отырып, әзірлейді.

3. Кешенді схемаларда көзделетін іс-шаралар мыналарға:

1) өндіріс технологиясын жетілдіру негізінде суды ұтымды әрі үнемді пайдалануға;

2) суы аз және сусыз процесстерді қолдануға;

3) суғару жүйелері мен сумен жабдықтау жүйелерінде су ысырабын азайтуға;

4) суларды реттеу, өзен ағынын бассейнаралық қайта бөлу, тазартылмаған сарқынды сулар көлемін азайту есебінен жергілікті су ресурстарын бар мүмкіндігінше п а й д а л а н у ;

5) қалаларды, елді мекендерді, ауыл шаруашылығы алқаптары мен басқа да объектілерді су басуының және су тасуының алдын алу.

4. Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемалары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен әзірленеді және республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады.

49-бап. Өндіргіш күштер мен экономика салаларын дамыту мен орналастыру схемалары құрамында су ресурстарын пайдалану мен қорғауды болжау

1. Өндіргіш күштер мен экономика салаларын дамыту мен орналастыруды мемлекеттік болжау жүйесі құрамында су объектілеріне экологиялық жол берілетін деңгейімен бірге су ресурстарын пайдалану мен қорғаудың болжамдары әзірленеді.

2. Өндіргіш күштер мен экономика салаларын дамыту мен орналастырудың болжамды схемаларын орталық атқарушы органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша республикалық бюджет есебінен әзірлейді.

3. Орталық атқарушы органдар әзірлеген өндіргіш күштер мен экономика салаларын дамыту мен орналастырудың схемалары су ресурстарын пайдаланудың рұқсат етілетін деңгейі мәнінде су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органымен келісуден өтеді.

9-тарау

Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылау мен сараптама

50-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылаудың мақсаты

Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылаудың мақсаты Қазақстан Республикасы су заңдарының және су қорын пайдалану мен қорғаудың белгілеген тәртібінің орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

51-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылаудың міндеттері мен түрлері

1. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылаудың өзіндік міндеті шаруашылық және өзге де қызметтің әсерінен сулардың жай-күйінің өзгеруін байқау, су қорғау іс-шараларының орындалуын, су заңдары талаптарының сақталуын тексеру.

2. Қазақстан Республикасында су қорын пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік өндірістік және қоғамдық бақылау жүзеге асырылады.

52-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар

1. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды өз құзыреті шегінде мыналар жүзеге асырады:

- 1) су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органы;
- 2) қоршаған ортаны қорғау уәкілетті мемлекеттік органы;
- 3) геология мен жер қойнауын қорғау уәкілетті мемлекеттік органы;
- 4) өнеркәсіптегі қауіпсіздік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;
- 5) санитарлық-эпидемиологиялық және мал дәрігерлік пен фитосанитарлық қадағалау мемлекеттік органдары;
- 6) жергілікті атқарушы органдар.

2. Су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік орган су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы басқа да уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметін үйлестіреді.

3. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындады.

53-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар

1. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру міндеті жүктелген су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органы мен оның аумақтық органдарының лауазымды адамдары сонымен бір мезгілде су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар болып табылады.

2. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауға басшылық жасауды Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы сонымен бір мезгілде лауазымы бойынша су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік орган басшысының орынбасары болып

т а б ы л а д ы .

Су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі тиісті басқарманың бастығы Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасары ;

Су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік орган орталық аппаратының бөлім бастықтары Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлар және мемлекеттік инспекторлар;

Су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік орган орталық аппаратының бас және жетекші мамандары Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар;

Су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органы бассейндік басқармаларының басшылары сонымен бір мезгілде лауазымдары бойынша тиісті бассейндік су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары ;

Су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік орган бассейндік басқармалары басшыларының орынбасарлары сонымен бір мезгілде лауазымдары бойынша тиісті бассейндік су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторларының орынбасарлары;

Бассейндік басқармалар бөлім бастықтары тиісті бассейндік су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары;

Бассейндік басқармалар бас мамандары мен жетекші мамандары тиісті бассейндік су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар.

3. Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің тиісті лауазымдарына "су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор", "су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор орынбасары", "су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспектор", "су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор" арнайы атақтарын су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органының басшысы береді.

4. Су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар су қорын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін заңдарда белгіленген тәртіппен тиісті техникалық құралдармен, белгіленген үлгідегі куәлікпен, өңіршелік белгімен және арнайы мөрмен қамтамасыз етіледі.

54-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың құқықтары

1. Су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органы мен оның аумақтық органдарының бас мемлекеттік инспекторлары, су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлардың орынбасарлары, су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлар, су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар өз құзыреті шегінде мыналарға

Қ Ұ Қ Ы Л Ы :

1) мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ лауазымды адамдарға су заңдарының нормаларын сақталуын орындау, суларды пайдалану мен қорғауды жақсарту жөнінде тиісті іс-шаралар жүргізу, су мен су объектілерінің, сарқынды сулардың сапасын зертханалық бақылауды ұйымдастыру әрі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тастаулардың көлемі, еселенуі мен номенклатурасының рұқсат етілетін шекті нормаларын сақтауына міндетті талаптар қоюға ;

2) олар суларды пайдалану мен оларды қорғау ережелерін бұзған не су объектісін мақсаттан тыс пайдаланған жағдайда арнайы су пайдалануға жеке және заңды тұлғаларға берілген лицензиялардың қолданылуын заңдарда белгіленген тәртіппен тоқтата тұруға ұсыныстар енгізуге;

3) белгіленген тәртіппен тіркелген нұсқама негізінде белгілеген үлгідегі қызметтік куәлігін көрсетіп мекемелер мен ұйымдарға баруға, суларды пайдаланудың жай-күйін тексеруді жүзеге асыруға, суларды пайдалану мен оларды қорғау ережелерінің анықталған бұзылуын жою туралы орындалуы міндетті нұсқамалар беруге. Қажет болған жағдайда (авариялық тастаулар қауіпі, су объектілерінің қауіпті ластануы, өз бетімен су алуы, су объектілерінде төтенше жағдайлар туындауы және т.с.с.) су пайдаланушылардың шаруашылық қызметін тоқтата тұру туралы ұсыныстар енгізуге;

4) заңдарда белгіленген тәртіппен лауазымды адамдар мен жекелеген азаматтардан суларды пайдалану мен қорғаудың жай-күйін анықтау үшін қажетті мәліметтер, соның ішінде зертханалық талдаулар деректерін алуға;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жүргізілген тексерулер туралы актілер жасауға, әкімшілік жүргізуге және кінәлі адамдарды әкімшілік және өзге де жауапкершілікке тартуға;

6) жекелеген өнеркәсіп объектілері, цехтары, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар қызметін тоқтатуға дейін белгіленген талаптар бұзылып жүргізілген су объектілеріне сарқынды сулар ағызылуын шектеу, тоқтата тұру және оған тыйым салу туралы ұсыныс енгізуге ;

7) мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың басшыларының алдында меншік нысанына қарамастан суларды пайдалану мен қорғаудың белгілеген нормалары мен ережелерін бұзуға жол берген лауазымды адамдарды жауапкершілікке тарту туралы мәселе қоюға, сондай-ақ қажет болған жағдайда қолданыстағы заңдарға сәйкес су заңдарының бұзылуына кінәлілерді қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін құқық қорғау органдарына материалдар беруге;

8) осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға .

2. Су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органының

мемлекеті инспекторлары өз құзыреттері шегінде қабылдаған шешімдерін барлық жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті және оларға бағыныстылығына қарай немесе сотқа шағым берілуі мүмкін.

55-бап. Су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органының мемлекеттік инспекторларының міндеттері

Су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органының мемлекеттік инспекторлары мыналарға міндетті:

- 1) өз қызметін осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыруға;
- 2) бекітіп берілген аумақта су заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;
- 3) су қорын пайдалану мен қорғауды бақылауды жүзеге асыру кезінде азаматтармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауға;
- 4) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы заңдардың бұзылу фактілері туралы өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарды хабардар етуге;
- 5) су қорын ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шаралар әзірлеу кезінде жеке және заңды тұлғаларға жәрдем көрсетуге;
- 6) осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де міндеттерді орындауға.

56-бап. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы өндірістік бақылау

1. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы өндірістік бақылау су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органы қоршаған ортаны қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, ал жер асты суларын пайдалану кезінде геология мен өнеркәсіптегі қауіпсіздік мемлекеті органдары мен келісім бойынша бекітетін ережелер негізінде жүзеге асырылады.

2. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы өндірістік бақылауды су объектілерін ластау көздері бар жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

3. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы өндірістік бақылауды стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган аттестаттаған зертханалар жүргізеді.

57-бап. Су қорының жай-күйіне әсер ететін қызметтің мемлекеттік сараптамасы

1. Су қорының жай-күйіне әсер ететін қызметке мемлекеттік сараптаманың мақсаты осы қызметінің қоршаған ортаға әсері бағалау мен қабылданатын басқару және шаруашылық шешімдердің қолайлы нұсқаларын айқындау болып табылады. Су қорының жай-күйіне әсер ететін қызметтің мемлекеттік сараптама міндеті болып табылады. Адамдар мен қоршаған ортаға әсер ететін су шаруашылығы жобалары мен жұмыстарын әзірлеу әрі іске асыру олар мемлекеттік сараптамадан өткізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

2. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін шаруашылық және басқа да объектілер салу мен қайта жаңарту консервациялау мен оларды таратуға арналған жобалау мен

жобалау алдындағы құжаттаманың мемлекеттік сараптамасы олардың жай-күйінің бастапқы мәліметтерге, құрылыс жобалау мен салу жөніндегі техникалық шарттарға, нормативтік құжаттама талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатында жүзеге асырылады және оларды құрылыс істері мен санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

3. Жер асты суларының қорлары мен жер асты су объектілері туралы геологиялық ақпараттың мемлекеттік сараптамасын геология мен жер қойнауы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

4. Су шаруашылығы объектілері мен өнеркәсіптік гидротехникалық құрылыстардың төтенше жағдайлар талаптарына сәйкестігіне мемлекеттік сараптаманы өнеркәсіптегі қауіпсіздік пен төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік орган жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық сараптаманы қоршаған ортаны қорғау және санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

6. Жүргізілетін мемлекеттік сараптама түрлері Қазақстан Республикасының тиісті заң актілерімен айқындалады.

10-тарау

Суларды ұтымды пайдалану, оларды қорғау мен жай-күйін жақсартуды қамтамасыз ету талаптары

58-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану кезінде қойылатын табиғат қорғау талаптары

1. Сулардың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен құрылыстарды орналастыру, кәсіпорындар мен құрылыстарды және өзге де объектілерді орналастырылатын жерлерді белгілеу қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптегі қауіпсіздікті қадағалау, су ресурстарын молайту мен ұтымды пайдалану шарттары мен ережелерін сақтай отырып, сондай-ақ көрсетілген объектілер қызметінің экологиялық салдарларын ескере отырып жүргізледі.

2. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды, құрылыстар және басқа да объектілер салу мен қайта жаңарту, консервациялау әрі оларды тарату қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптегі қауіпсіздікті қадағалау мемлекеттік органдарының оң қорытындысы болған жағдайда жүзеге асырылады.

3. Құрылыс жұмыстарын орындау кезінде жерлерді қайта өңдеу, су ресурстарын молайту мен ұтымды пайдалану аумақтарды көркейту және қоршаған ортаны сауықтыру жөнінде шаралар қабылданады.

59-бап. Су объектілеріне ластаушы заттардың ағызылуын азайту жөніндегі талаптар

1. Су ресурстарын пайдалану мен қорғау ластаушы заттардың ағызылуы нүктелерін нормалаудан бірте-бірте әрі жоспарлы түрде бас тарту, бассейн, су ағыны немесе учаске шегінде барлық кәсіпорындардың су шаруашылығы қызметін жиынтық нормалауға негізделетін болады.

2. Ағызылатын суларды тазалау дәрежесі мен сапасына қойылатын талаптар су объектісін ықтимал мақсатты пайдалану бағыттары бойынша айқындалады әрі есептеулермен негізделеді және су объектісінің нақты жай-күйі, техникалық әрі экономикалық, жоспарланатын көрсеткіштерге қол жеткізу мүмкіндіктері ескерілуі тиіс.

3. Су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың, геология мен жер қойнауын қорғау және қоршаған ортаны қорғау уәкілетті мемлекеттік органдары су объектісінің әр бассейні үшін сулардың жай-күйі мен сапасы өлшемдерінің мақсатты көрсеткіштерін әзірлеуге міндетті.

4. Бассейн ішіндегі су объектілері жай-күйінің мақсатты көрсеткіштеріне кезең-кезеңімен көшу мерзімдерін бассейндік су шаруашылықтары басқармалары және геология мен жер қойнауын қорғау және қоршаған ортаны қорғау аумақтық органдары бекітілген және келісілген әдістеме негізінде белгілейді.

60-бап. Экономика салалары мен қоршаған ортаны қорғау салалары талаптарының орындалуын қамтамасыз ету үшін кешенді су жіберулерді негіздеу

1. Кешенді су жіберу санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын, сондай-ақ экономика салалары қажеттіліктерін қамтамасыз ету шарттары ескерілетіні айқындалады.

2. Табиғат қорғау және санитарлық-эпидемиологиялық су жіберулер басым болып табылады.

3. Табиғат қорғау су жіберуі су объектісінің табиғи ғұмырының сақталуы мен ласталуын жеткілікті түрде араластыруды қамтамасыз етуі тиіс. Ең аз су шығысын сақтаудан басқа, табиғат қорғау су жіберуі су жайылуы мен су тасуы кезінде су объектілерінің кезеңдік шайылуын қамтамасыз етуі тиіс.

4. Табиғат қорғау және санитарлық-эпидемиологиялық су жіберулерінің көлемін өзендер бассейндері бойынша су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органы белгілейді.

5. Авариялық су жіберу су тасуы мен су жайылуы кезінде су объектісінде судың көтерілуінің және су объектілері салаларын су шаюының қалыпты деңгейін ұстауды қамтамасыз етуі тиіс.

11-тарау

Суларды мемлекеттік есепке алу, су кадастры, су объектілерінің мониторингі және су шаруашылығы кешенін ғылыми қамтамасыз ету

61-бап. Жер беті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алу

1. Жер беті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алу осы аумақтағы су ресурстарының саны мен сапасын белгілеген тәртіппен жүйелі түрде анықтау және б е к і т у б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Жер беті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алу мәліметтері сапалық және сандық көрсеткіштер, олардың адам өмірі мен денсаулығы үшін өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздігі дәрежесі, олардың зерттелуі мен пайдаланылуы бойынша жер беті және жер асты су объектілерінің жай-күйін көрсетеді әрі сипаттайды .

3. Жер беті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алуды су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органы геология мен жер қойнауын қорғау уәкілетті мемлекеттік органымен бірлесіп су пайдаланушылар мен гидрометеорологиялық қызметтер ұсынатын жер асты суларын пайдалануды есебінің деректері негізінде жүзеге асырады .

4. Су ресурстарын мемлекеттік есепке алу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

62-бап. Мемлекеттік су кадастры

1. Мемлекеттік су кадастры су объектілерінің жай-күйі мен олардың пайдаланылуы туралы, олардың су ресурстары туралы, су пайдаланушылар туралы ресми мәліметтердің жүйелендірілген жиынтығы болып табылады.

2. Мемлекеттік су кадастры бірыңғай жүйе бойынша жүргізіледі және суларды мемлекеттік есепке алу деректеріне негізделеді.

3. Мемлекеттік су кадастрына енгізілген су объектісінің онда тіркеу нөмірі, атауы мен физикалық-географиялық, геологиялық-геологиялық, гидрологиялық, техникалық, құқықтық және экономикалық көрсеткіштер қамтылатын кешенді сипаттама көрсетілетін п а с п о р т ы б о л а д ы .

4. Мемлекеттік су кадастрын жүргізуді су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органы геология мен жер қойнауын қорғау және гидрогеология мен қоршаған ортаны қорғау органдарымен бірлесіп жүзеге асырады.

5. Су пайдаланушылар су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органына және геология мен жер қойнауын қорғау мемлекеттік органына Мемлекеттік су кадастрына енгізілуі тиіс барлық қажетті мәліметтерді ұсынуға тиіс.

6. Су пайдаланушылар су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органы Мемлекеттік су кадастрында қамтылған ақпаратқа мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

7. Мемлекеттік су кадастрын жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

63-бап. Су объектілерінің мемлекеттік мониторингі

1. Су объектілерінің мемлекеттік мониторингі қоршаған табиғи орта мемлекеттік мониторингі жүйесінің құрамды бөлігі болып табылады.

2. Су объектілерінің мемлекеттік мониторингі олардың жай-күйіне гидрологиялық, гидрогеологиялық, гидрогеохимиялық, санитарлық-химиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және токсикологиялық көрсеткіштерін тұрақты қадағалау жүргізу, жағымсыз процестерді уақтылы анықтау, олардың дамуын бағалау мен болжау мақсатында алынған ақпаратты жинақ өңдеу, зиянды әсерін болдырмау жөнінде ұсынымдар әзірлеу әрі жүзеге асырылатын су шаруашылығы іс-шараларының тиімділігі дәрежесін анықтау жүйесі болып табылады.

3. Су объектілерінің мемлекеттік мониторингін су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органы бірлесіп әзірлеген әдістеме бойынша қоршаған ортаны қорғау, геология мен жер қойнауын қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, гидрометеорология мемлекеттік органдарымен бірлесіп жүзеге асырады.

64-бап. Су қорын ұтымды пайдалану мен қорғауды ғылыми қолдау және инновациялық-ақпараттық қамтамасыз ету

1. Су қорын ұтымды пайдалану мен қорғау саласындағы ғылыми-техникалық прогресс Қазақстан Республикасы су саясатының басым бағыты болып табылады.

2. Су қорын ұтымды пайдалану мен қорғауды ғылыми қамтамасыз ету міндеттері м ы н а л а р :

1) су ресурстарын кешенді әрі ұтымды пайдалануды негіздеу;

2) су шаруашылығы кешенін дамытуды бағалау мен болжау;

3) су үнемдеудің ғылыми-әдістемелік және технологиялық негіздерін әзірлеу;

4) су шаруашылығы жүйесінің нормативтік базасын әзірлеу;

5) басқару шешімдерін қабылдау үшін ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

3. Иргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер республикалық бюджетте және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

4. Су қорын ұтымды пайдалану мен қорғау саласындағы инновациялық қызмет Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес іске асырылады және мыналарды қ а м т а м а с ы з е т е д і :

1) бұл қызметті дамыту үшін ұйымдастырушылық және заңдық жағдайларды қ а л ы п т а с т ы р у ;

2) жалпы ұлттық сипаттағы инновациялық су шаруашылығы және су қорғау бағдарламалары үшін белгілі бір жеңілдіктер енгізу, тікелей мемлекеттік и н в е с т и ц и я л а р б ө л у .

5. Су ресурстарын кешенді әрі ұтымды пайдалану мен қорғауды ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлау, су шаруашылығы ұйымдары мен су пайдаланушыларды ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органы мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп су

ресурстарын пайдаланудың республикалық ақпараттық-талдау жүйесін құруға құқылы.

6. Дерекқор қалыптастыру үшін су пайдаланушы жеке және заңды тұлғалар белгіленген тәртіппен бекітілген нысандар бойынша мәліметтер береді.

7. Су ресурстарын пайдаланудың республикалық ақпараттық-талдау жүйесі республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

12-тарау

Азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің су қорын пайдалану мен қорғауды басқаруға қатысуы

65-бап. Азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудағы құқықтары мен міндеттері

1. Азаматтар мыналарға құқылы:

1) заңдарда белгіленген тәртіппен су ресурстарын пайдалануға, оларды қорғау мен молайту жөнінде шараларды жүзеге асыруға, су және онымен байланысты қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыруға қатысуға;

2) су ресурстарын пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарға хаттар, шағымдар, өтініштер мен ұсыныстар жіберуге;

3) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу туралы ұсыныстар енгізуге және оған қ а т ы с у ғ а ;

4) су ортасы мен адам денсаулығына зиянды әсер ететін кәсіпорындарды, құрылыстар мен өзге де экологиялық зиянды объектілер орналастыру, салу, қайта жаңарту мен пайдалануға беру туралы шешімдердің күшін әкімшілік тәртіппен немесе сот тәртібімен жоюды талап етуге;

5) заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтарды іске асыруға.

2. Қазақстан Республикасының әр азаматы мен Қазақстан аумағындағы шетелдік азаматтар су қорын пайдалану мен қорғау, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға міндетті.

66-бап. Қоғамдық бірлестіктердің су қорын пайдалану мен қорғауды қоғамдық бақылаудағы қызметі

1. Қоғамдық бірлестіктердің су қорын пайдалану мен қорғауды қоғамдық бақылаудағы қызметі олардың жарғыларына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қоғамдық бірлестіктердің өкілдері бассейн кеңестерінің жұмысына қатыса алады.

3. Суларды пайдалану мен қорғау саласындағы қоғамдық бақылауды қоғамдық бірлестіктер өз бастамасы бойынша жүргізеді.

4. Су қорын пайдалану мен қорғауға қоғамдық бақылау жүргізу тәртібін қоғамдық бірлестіктер олардың жарғысына сәйкес су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша айқындалады.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

СУ ПАЙДАЛАНУ

13-тарау

Су пайдалану құқығы

67-бап. Су пайдалану түрлері, су пайдалану құқығының туындауы және су пайдаланушылар

1. Су пайдалану ретіне қарай жалпы, арнайы, оқшау, бастапқы, қайталама, тұрақты және у а қ ы т ш а болып б ө л і н е д і .
2. Жалпы су пайдалану құқығы әр азаматта ол туған сәтінен бастап туындайды және қандай да болмасын жағдайда одан айырылмайды.
3. Осы Кодекспен белгіленген арнайы су пайдалануға құқықты белгілейтін құжат берілген сәттен бастап арнайы су пайдалану құқығы туындайды.

68-бап. Жалпы су пайдалану

1. Жалпы су пайдалану су ресурстарын жеке азаматтарға бекітусіз және судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар мен техникалық құрылғылар қолданусыз халық мұқтаждарын қанағаттандыру үшін жүзеге асырылады.
2. Жалпы су пайдалануды жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат талап етілмейді.
3. Экологиялық, техникалық және санитарлық қауіпсіздік мақсаттарында жалпы су пайдалану шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.
4. Жалпы су пайдаланудың шарттары мен ережелерін жергілікті атқарушы органдар белгілейді.

69-бап. Арнайы су пайдалану

1. Халықтың ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерін, ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің, су көлігінің және экономиканың басқа да секторларының суға қажеттіліктерін қанағаттандыру, сондай-ақ өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, қашыртқылық және басқа да сарқынды сулар ағызу үшін су объектісінен оларды құрылыстар немесе техникалық құрылғыларды қолданып алып қою немесе алып қоюсыз су объектісінен жер беті және жер асты су ресурстарын тікелей пайдалану ж а т а д ы .
2. Жеке және заңды тұлғалардың арнайы су пайдалану құқығы оларда белгіленген мақсаттарда ғана пайдаланылады және өзге тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауы әрі қоршаған ортаға зиян келтірмеуі тиіс.

3. Жеке және заңды тұлғалар арнайы су пайдалану құқығын арнайы су пайдалануға лицензия негізінде жүзеге асырады.

70-бап. Оқшауланған су пайдалану

1. Су объектілерін немесе олардың бір бөлігін бір жеке немесе заңды тұлғаға пайдалануға беру кезінде оқшауланған су пайдалану құқығы туындайды.

2. Оқшауланған су пайдалануға берілген су объектілерінде жергілікті атқарушы органдар белгілеген шарттармен жалпы су пайдалануға рұқсат етіледі.

3. Оқшауланған су пайдалануды жүзеге асырушы су пайдаланушы белгілеген тәртіппен егер жергілікті атқарушы органдар шешімдерімен өзгеше белгіленбесе, белгіленген тәртіппен жалпы су пайдалану шарттары немесе оған тыйым салынғаны туралы жария етуге міндетті.

71-бап. Бірлесіп су пайдалану

1. Су объектілерін немесе олардың бір бөлігін бірнеше немесе заңды тұлғаға пайдалануға беру кезінде бірлесіп су пайдалану құқығы туындайды.

2. Бірлесіп су пайдалану кезінде бірінші кезекте халықты ауыз сумен жабдықтаумен айналысатын, сондай-ақ төменде орналасқан су пайдаланушылар мүдделері қанағаттандырылады.

3. Бірлесіп су пайдалануға берілген су объектілерінде жергілікті атқарушы органдар белгілеген шарттармен бірлесіп су пайдалануға рұқсат етіледі.

4. Бірлесіп су пайдаланушы су пайдаланушылар егер жергілікті атқарушы органдар шешімдерімен өзгеше белгіленбесе, жалпы пайдалану шарттары немесе оған тыйым салынғаны туралы жария етуге міндетті.

72-бап. Бастапқы және қайталама су пайдалану

1. Өз қажеттіліктерін қанағаттандыру немесе оны қайталама су пайдаланушыларға жеткізу үшін су объектілерінен тікелей су алуды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар бастапқы су пайдаланушылар болып табылады. Бастапқы су пайдалану арнайы су пайдалануға лицензия негізінде жүзеге асырылады.

2. Бастапқы су пайдаланушыдан шарт негізінде су алатын жеке және заңды тұлғалар қайталама су пайдаланушылар болып табылады.

3. Қайталама су пайдалануға шартта берілетін су мақсаты және оны пайдаланудың негізгі шарттары көрсетіліп, бастапқы су пайдаланушыға белгіленген лимит шегінде қайталама су пайдаланушыға су беру кестесіне кепілдік беріледі.

4. Бастапқы және қайталама су пайдаланушылар су заңдары талаптарының сақталуы үшін екі жақты жауапкершілікте болады.

73-бап. Су пайдалану мерзімдері

1. Арнайы су пайдалану мерзімдері су объектісінің әлеуеті мен ағымдағы экологиялық жай-күйіне байланысты. Арнайы су пайдаланудың басталу мерзімі арнайы су пайдалануға лицензия алынған күнінен бастап есептеледі.

2. Алдын ала мерзімі белгіленбеген су пайдалану тұрақты болып танылады.

3. Уақытша су пайдалану қысқа мерзімді - бес жылға дейін және ұзақ мерзімді бес жылдан қырық тоғыз жылға дейін болуы мүмкін.

4. Жалпы су пайдалану мерзімі шектелмейді.

74-бап. Су пайдаланушылар құқықтары

Су пайдаланушылар мыналарға құқылы:

1) Қазақстан Республикасының су заңдарында көзделген шарттар мен талаптарды сақтап, берілген мақсаттарда су ресурстарын пайдалануға;

2) бұл ретте басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына, су объектілері мен қоршаған ортаға және су объектілеріне зиян келтірмей оларға тиесілі су пайдалану құқығын өз ұйғарымына қарай жүзеге асыруға;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен су қоры жерлерін пайдалануға;

4) су пайдаланушылар бірлестіктерін, одақтарын (қауымдастықтарын) және басқа да коммерциялық емес ұйымдар құруға;)

5) белгіленген тәртіппен су шаруашылығы қызметін жүзеге асыру үшін су объектілерінің жай-күйі туралы ақпарат алуға;

6) су пайдалануға өз құқықтарын қорғауға және жақтауға;

7) су берудің белгіленген лимиті мен режиміне сәйкес құқығын бұзумен келтірілген зиянды өтетуге, соның ішінде су алу құқығын да;

8) Қазақстан Республикасының су заңдарында көзделген басқа да құқықтарын жүзеге асыруға.

75-бап. Су пайдаланушылар міндеттері

Су пайдаланушылар мыналарға міндетті:

1) су ресурстарын ұтымды әрі үнемді пайдалануға су ысырабын азайтуға шаралар қ а б ы л д а у ғ а ;

2) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарына ұқыппен қарауға, оларға зиян келтірілуіне жол бермеуге;

3) белгілеген су пайдалану лимиттері мен режимдерін сақтауға;

4) басқа да су пайдаланушылар мен табиғат пайдаланушылар құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына жол бермеуге;

5) судың жай-күйіне әсер ететін су шаруашылығы құрылыстары мен техникалық құрылғыларды оңды күйде ұстауға, олардың пайдалану қасиеттерін жақсартуға, су ресурстарын пайдалануды есепке алуды жүргізуге;

6) су қорғау шараларын жүзеге асыруға және су объектілерін қорғау жөнінде ш а р а л а р қ а б ы л д а у ғ а ;

7) арнайы су пайдалануға лицензияда белгіленген су пайдалану шарттарын, сондай-ақ бақылаушы органдардың нұсқамаларын толық көлемде белгіленген мерзімде о р ы н д а у ғ а ;

8) белгіленген нормативтерден асатын зиянды заттар тастауға жол бермеуге;

9) белгіленген нысанда су объектісінің пайдаланылуы туралы шынайы әрі толық

ақпараттық мемлекеттік органдарға уақтылы ұсынуға;

10) су үнемдеуші технологияларды, суғарудың озық техникасын, сумен жабдықтаудың айналымдық және қайталама жүйелерін енгізуге шаралар қолдануға;

11) жер беті және жер асты суларынан су жинау алаңының ластануына жол бермеуге, аумақтағы жауын суларын тазарту мен жинауды қамтамасыз етуге;

12) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында экологиялық, балық шаруашылығы және өзге де қолданыстағы нормаларға су деңгейінің немесе су шығысының ең төменгі рұқсат етілетін деңгейін қамтамасыз етуге;

13) су объектілерінің су қорғау аймақтарында шаруашылық және өзге де белгіленген қызмет режимінің сақталуын қамтамасыз етуге;

14) су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органының, қоршаған ортаны қорғау, геология мен жер қойнауын қорғау органдарының тиісті негіздемесі мен шешімінсіз ауыз су сапасындағы судың өндірістік және басқа да мұқтаждарға пайдаланылуына жол бермеуге;

15) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында өнеркәсіптегі қауіпсіздік талаптарын сақтауға;

16) пайдаланылатын су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

17) барлық авариялық жағдайлар мен су пайдалану технологиялық режимінің бұзылуы туралы төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық органдарға дереу хабарлауға, сондай-ақ су объектілеріне зиян келтірілуін болдырмау жөнінде шаралар қабылдауға;

18) су пайдаланғаны үшін төлемдердің уақтылы төленуін жүзеге асыруға;

19) Қазақстан Республикасының су заңдарында көзделген басқа да міндеттерді орындауға.

76-бап. Су пайдалану құқықтарын жүзеге асыру

1. Су пайдалану құқығы заңмен қорғалады. Осы Кодекспен және басқа да нормативтік құқықтық актілерде көрсетілген негіздер бойынша ғана су пайдалану құқығынан айырылуы мүмкін.

2. Олардың су пайдалану құқығына қысым көрсетілуімен байланысты атқарушы билік органдары тарапынан су пайдаланушылар қызметіне араласуға осы Кодекспен көзделген жағдайларды қоспағанда, тыйым салынады.

77-бап. Су пайдалану құқықтарын шектеу

1. Мемлекеттің қауіпсіздігі мен қорғанысын, халықтың денсаулығын сақтауды, қоршаған ортаны, тарихи-мәдени мұраны, басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ құрғақшылық, авариялық жағдайларда, індет қаупі, эпизоотия мен басқа да төтенше жағдайлар туындаған кезде заңдарда белгіленген тәртіппен су пайдалану құқығы шектелуі мүмкін.

2. Су пайдалану құқықтарын шектеу ауыз су және халықтың тұрмыстық мұқтаждар үшін су ресурстарын пайдалану жағдайларын нашарлатпауы тиіс.

78-бап. Арнайы су пайдалану құқықтарын тоқтату

1 . М ы н а д а й :

- 1) су пайдаланушы су пайдалану құқығынан бас тартқан;
- 2) су пайдалану мерзімі өткен;
- 3) су пайдаланушы жеке тұлға қайтыс болған;
- 4) су пайдаланушы заңды тұлға таратылған;
- 5) су объектілері табиғи немесе жасанды түрде жойылған;
- 6) су объектілерін пайдалану құқықтары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен басқа да жеке және заңды тұлғаларға көшкен жағдайларда арнайы су пайдалану құқықтары тоқтатылды деп саналады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мынадай:

- 1) су ресурстары мақсаттан тыс пайдаланылған;
- 2) ауыз сумен жабдықтау су ресурстары бір жыл бойы пайдаланылмаған;
- 3) су ресурстары үш жыл бойы пайдаланылмаған;
- 4) су ресурстарын мемлекеттік мұқтаждар үшін пайдалану қажеттілігі туындаған;
- 5) су пайдаланушы су заңдарында белгіленген шарттар мен талаптарды сақтамаған;
- 6) су ресурстарын пайдалануға тыйым салу туындаған жағдайларда арнайы су пайдалану лицензиясын қайтып алу жолымен арнайы су пайдалану құқығы тоқтатылады .

3. Арнайы су пайдалану лицензиясын қайтып алу су пайдалану шартын бұзу үшін негіз болып табылады .

4. Арнайы су пайдалану құқығын тоқтату туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым берілуі мүмкін.

14-тарау

Арнайы су пайдалануды лицензиялау

79-бап. Лицензия негізінде жүзеге асырылатын арнайы су пайдалану түрлері

1. Арнайы су пайдалануға лицензияны су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті Мемлекеттік органы лицензиялау туралы қолданыстағы заңдарға сәйкес береді және ол арнайы су пайдалану құқықтарының туындауы үшін негіз болып табылады .

2. Лицензиялар арнайы су пайдаланудың мынадай түрлеріне беріледі:

- 1) өз мұқтаждары үшін су көздерінен су алу;
- 2) су объектілерінен су жеткізуге шарт негізінде оны қайталама су пайдаланушыға су алу немесе суды бұру ;
- 3) сарқынды суларды ағызу ;
- 4) жер асты су объектісінің суын пайдалану .

3. Арнайы су пайдалануға лицензиямен белгіленген су пайдалану көлемдері су

пайдалану мен есептелген сумен қамтамасыз етудің басқа жағдайларында шекті болып табылады.

4. Арнайы су пайдалануға лицензиялаудың ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

БЕСІНШІ БӨЛІМ

Су шаруашылығын ұйымдастыру

15-тарау

Су шаруашылығы ұйымдары

80-бап. Мемлекеттік су шаруашылығы ұйымдары

Мемлекеттік су шаруашылығы ұйымдарын Қазақстан Республикасының Үкіметі мыналар бойынша жұмыстарды орындау мақсатында құрады:

- 1) су объектілерінің мониторингін жүргізу;
- 2) су кадастрын жасау;
- 3) су объектілері жай-күйін бақылау әдіснамасын әзірлеу мен жетілдіру;
- 4) су пайдалану технологиясын әзірлеу мен жетілдіру әрі экономиканың әртүрлі саласында оның тиімділігін арттыру;
- 5) су шаруашылығы нормативтерін әзірлеу;
- 6) мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы объектілері мен құрылыстарын ұстау мен пайдалану;
- 7) республикалық меншіктегі трансшекаралық, мемлекетаралық, облысаралық су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарынан су пайдаланушыларға суды уақтылы әрі іркіліссіз беру;
- 8) шектес мемлекеттердегі мемлекетаралық су объектілерін жөндеуге үлестік қатысу.

81-бап. Коммуналдық су шаруашылығы ұйымдары

Коммуналдық су шаруашылығы кәсіпорындарын жергілікті атқарушы органдар мынадай функцияларды орындау үшін құрады:

- 1) коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын ұстау әрі пайдалану;
- 2) су көздерінен су пайдаланушыларға суды уақтылы әрі іркіліссіз беру;
- 3) пайдаланылған, сарқынды және қашыртқылық суларды жинау, тазалау әрі ұйымдастырылған су ағызу.

82-бап. Мемлекеттік емес су шаруашылығы ұйымдары

1. Мемлекеттік емес су шаруашылығы ұйымдарын су пайдаланушыларға су беру, техникалық қызмет көрсету және су пайдалану саласында кәсіпкерлік қызметті қамтамасыз ету үшін жеке және заңды тұлғалар, соның ішінде шетелдіктер де құрады.

2. Су пайдалану саласындағы кәсіпкерлік қызмет мынадай бағыттар бойынша

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы :

- 1) пайдалану үшін су ресурстарын алып қою;
- 2) су пайдаланушыларға су жеткізу үшін су ресурстарын алып қою;
- 3) пайдаланылған, сарқынды және қашыртқылық суларды жинау, тазалау әрі ағызу;
- 4) су ресурстарын алып қоюмен байланысы жоқ қызмет;
- 5) су объектілері сулары сапасы мен олардың жай-күйін жақсарту жөніндегі қызмет ;
- 6) су шаруашылығы-экологиялық маркетинг саласындағы қызметтер;
- 7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында тыйым салынбаған өзге д е қ ы з м е т т ү р л е р і .

3. Су пайдалану мен қорғау қызметі саласындағы кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

83-бап. Су шаруашылығы ұйымдары қызметіне қойылатын талаптар

1. Су шаруашылығы ұйымдары табиғи монополия субъектілері болып табылады және өз қызметін осы Кодекске, Қазақстан Республикасының заңдарына, ұйымның жарғысына және тараптармен шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

2. Су шаруашылығы ұйымдары мыналарға міндетті:

- 1) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының тиісті техникалық жай-күйін қ а м т а м а с ы з е т у г е ;
- 2) шарттарға сәйкес белгіленген мерзімде су пайдаланушыларды сумен қамтамасыз е т у г е ;
- 3) су пайдаланушылармен келісім бойынша белгіленген нүктелерде су өлшеуіш а с п а п т а р д ы о р н а т у ғ а ;
- 4) су объектілерінің ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болдырмайтын шаралар қабылдауға.

16-тарау

Су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік нормалау

84-бап. Су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік нормалау

1. Су ресурстарының рұқсат етілетін сандық және сапалық көрсеткіштеріне, су көрсеткіштерін дәл өлшеу нормаларына қойылатын талаптарды регламенттеу мақсатында су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғауды нормативтік техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесі белгіленеді әрі су объектілеріндегі өндірістік және өзге қызметтің шегін р е т т е й д і .

2. Су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы нормалауды су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органы және басқа да мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

85-бап. Су пайдалану лимиттері

1. Өзендер бассейндері бойынша су пайдалану лимиттері су объектілерін рұқсат етілетін зиянды әсерлердің шектерінің бассейндік схемалары мен нормативтері негізінде белгіленеді және оларды су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органы қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік органымен, ал жер асты сулары бойынша геология және жер қойнауын пайдалану мемлекеттік органымен келісім бойынша бекітеді.

2. Жылдың сулылығын, су объектілерінің экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйін ескере отырып, олар мәлімдеген су алу және/немесе су ағызу қажеттіліктерінің негізінде барлық су пайдаланушылар үшін айлар бойынша бөліп, су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік орган су пайдалану лимиттерін жыл сайын нақтылайды әрі олардан асырмауы тиіс.

3. Су пайдалану лимиттері су шаруашылығы жағдайының, су объектілерінің экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйінің өзгеруіне байланысты қайта қаралуы тиіс.

86-бап. Суларды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету

1. Суларды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету жүйесі стандарттарды, ережелерді, санитарлық ережелер мен нормаларды, нұсқаулықтарды, басқа да нормативтік құқықтық актілерді қамтиды.

2. Трансшекаралық суларды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сай келеді.

3. Суларды бақылау мен есепке алу саласында қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасы Үкіметі әзірлейді, келіседі және бекітеді.

87-бап. Су объектілеріне зиянды әсерлердің рұқсат етілетін шекті нормативтері

1. Жер беті және жер асты суларын экологиялық және санитарлық талаптарға сай күйде ұстау қоршаған ортаны қорғау, геология мен жер қойнауын қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық және өнеркәсіптегі қауіпсіздік мемлекеттік органдарымен келісілген су объектілеріне зиянды әсерлердің рұқсат етілетін шекті нормативтерінің белгіленуімен әрі сақталуымен қамтамасыз етіледі.

2. Су объектілеріне зиянды әсерлердің жол берілетін шекті нормативтері мыналар ескеріле отырып, белгіленеді:

1) оның ұзақ уақыт әсері су объектісінің экологиялық жүйесінің өзгеруіне әкелмейтін антропогендік жүктеменің рұқсат етілетін шекті нормативі;

2) су объектісіне және оның су жинау алаңына түсуі ықтимал зиянды заттардың рұқсат етілетін массасы мен шоғырлануы.

3. Су объектілеріне зиянды әсерлердің жол берілетін шекті нормативтерін әзірлеу мен бекіту тәртібін Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітеді.

88-бап. Су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы стандарттау мен сертификаттау

1. Су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әзірленеді, бекітіледі және тіркеледі.

2. Су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігін анықтау үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті және ерікті сертификаттау жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге сәйкес буып-түйілген күйде (бөтелкеде немесе басқа да сыйымдылықтарда) тұтынушыларға сатуға арналған ауыз су суды тазарту мен зарарсыздандырудың жеке тұрмыстық және топтық техникалық құралдары, сондай-ақ ауыз сумен жабдықтау жүйелерінде пайдаланылатын материалдар, реагенттер, технологиялық процестер, жабдықтар және өзге де құралдар міндетті түрде сертификаттауға жатады.

89-бап. Суды алу мен пайдалану көлемдерін қысқарту жөніндегі талаптар

1. Су объектілерінен су алу көлемдерін қысқарту жөніндегі талаптарға экономиканың барлық салаларындағы әртүрлі технологиялық процестерге су жұмсау нормативтерін және су тұтынудың үлестік нормаларын қайта қарау жолымен қол жеткізіледі.

2. Су ресурстарын пайдалану көлемдерін қысқарту жөніндегі талаптарға:

1) барлық тасымалдайтын, бөлетін желілердегі және су тұтынудың әр нүктесіндегі ысыраптар мен ағып кетулерді қысқарту;

2) су пайдаланудың ұтымды әдістері мен технологияларын енгізу және судың нақты пайдаланылуын барлық жерлерде есепке алуды қамтамасыз ету негізінде су сақтау есебінен қол жеткізіледі.

3. Мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар және су пайдаланушылар судың жұмсалуды, тасымалдайтын желілердегі, су тұтыну нүктелеріндегі су ысыраптарын есепке алуды ұйымдастыруды және су объектілерінен су алу көлемдерін қысқарту мүмкіндігін жыл сайын талдауға, және су пайдалану көлемдерін қысқарту мақсатында кемінде бес жылда бір рет экономиканың барлық салаларындағы әртүрлі технологиялық процестерге су жұмсау нормативтерін және су тұтынудың үлестік нормаларын қайта қарауға міндетті.

90-бап. Ауыз су сапасын жақсарту жөніндегі талаптар

Су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органы басқа мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп ауыз су сапасын жақсарту жөніндегі

талаптарды әзірлейді, олар мыналарды қамтиды:

- 1) су объектісінің нақты сапасына жауап беретін құрылыстардың технологиялары мен қуатын жұмысқа қабілетті жай-күйінде ұстау;
- 2) су беру және су бұру жүйелерінің ақауларын қалпына келтіру;
- 3) құрылыс жұмыстарының жоғары сапасын қамтамасыз ете отырып, сенімді жабдықтар мен материалдарды пайдалану;
- 4) тұтынылатын судың нормативтері мен стандарттарын мерзімді жетілдіру.

91-бап. Су объектілерінің жай-күйіне теріс әсер ететін құрылыстарды іске қосуға тыйым салу

1 . М ы н а л а р д ы :

1) сулардың зиянды әсер етуін, ластануын және қоқыстануын болдырмайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген, сондай-ақ су пайдалану мен сарқындарды ағызуды есепке алу құралдарымен жабдықталмаған жаңа және қайта жаңартылатын объектілерді;

2) балық қорғау құрылғыларымен су алу және ағызуды құрылыстарын;

3) тазартатын құрылыстары және санитарлық-қорғау аймақтары жоқ мал өсіру фермаларын және басқа да өндірістік кешендерді;

4) жерлерді су басуды, топан су басуды олардың батпақтануы мен тұздануын және топырақтың эрозиясын болдырмайтын жобаларда көзделген іс-шараларды жүргізуге дейін суғару, суландыру және құрғату жүйелерін, су қоймаларын, бөгеттерді, арналарды және басқа да гидротехникалық құрылыстарды;

5) оларды су реттеу құрылғыларымен, өлшеу құралдарымен жабдықтамай жер асты суларын пайдаланумен байланысты су алу құрылыстарын;

6) санитарлық қорғау аймақтарын және су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстары жай-күйінің көрсеткіштерін байқау пункттерін белгілемей су алу және өзге де гидротехникалық құрылыстарды;

7) оларды сулардың ластануын болдырмайтын құралдармен жабдықтамай мұнай, химиялық және басқа да өнімдерді тасымалдайтын және сақтайтын құрылыстар мен құрылғыларды іске қосуға тыйым салынады.

2. Су объектілері жай-күйінің көрсеткіштерін байқау пункттерін құрмай сарқын сулармен суғару объектілерін іске қосуға жол берілмейді.

3. Жерлерді қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды аяқтамай су шаруашылығы объектілерін, табанын су басуға дайындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырмай - су қоймаларын іске қосуға жол берілмейді.

4. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарының жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды, құрылыстарды іске қосуға тыйым салу туралы шешімдер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қабылданады.

92-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын сарқынды суларды ағызуды пайдалану

1. Су объектілерін өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, қашыртқылық және басқа да сарқынды суларды ағызу үшін пайдалану Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Сарқынды суларды жер бетіндегі су объектілеріне ағызу тек қана олардың құрамындағы ластайтын заттардың белгіленген нормалардан асуына әкеп соқтырмайтын жағдайларда және су пайдаланушы су қорын пайдалану мен қорғауды басқару, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі және санитарлық қадағалау органдары белгілеген шектерге дейін тазартуы шартында жол беріледі.

3. Өнеркәсіптік, ластанған сарқынды немесе шахталық, карьердік кен орны суларын жинақтаушылары бар кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар оларды тазарту, зиянсыздандыру және кәдеге жарату үшін қажетті шаралар қабылдауға, сондай-ақ осы жинақтаушылары орналасқан жерлерді қайта өңдеуді жүзеге асыруға міндетті.

4. Ішінде тұщы сулар, ластайтын сұйық қаттар, өндіріс қалдықтары және табиғи сулардың негізінде пайда болатын және қолданыстағы құралдармен тазартуға көнбейтін мұнай-газ кен орындарының жолаушы қат-қабаттық суларын және минералданған шахталық және термалдық суларды қоса алғанда, сарқынды сулар жоқ терең жер асты суы бар жиектерге көму үшін полигондар жасауға айрықша жағдайларда мүдделі мемлекеттік органдардың келісімі бойынша жол беріледі.

ЕРЕКШЕ БӨЛІМ

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ

Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын экономика салаларында пайдалану

17-тарау

Ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау

93-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін пайдалану

1. Ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін олардағы судың сапасы белгіленген мемлекеттік стандарттарға және гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін, ластану мен қоқыстанудан қорғалған жер беті және жер асты су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстары беріледі.

2. Халықты ауыз сумен жабдықтауға жарамды сумен қамтамасыз ету үшін, төтенше жағдайлар туындаған жағдайға ластану мен қоқыстанудан қорғалған жер беті су объектілерінің базасында ауыз сумен жабдықтау көздерін резервтеу жүзеге асырылады. Резервтелген сумен жабдықтау көздерінде Қазақстан Республикасының су және басқа

да заңдарына сәйкес арнайы қорғау және олардың жай-күйін бақылау режимі белгіленеді.

3. Жер беті және жер асты суларының ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін қауіпсіздігін мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органы анықтайды.

4. Су объектісін ауыз сумен жабдықтау көздеріне жатқызу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен оның сенімділігі және санитарлық қорғау аймақтары мен округтерін ұйымдастыру мүмкіндігі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

5. Осы Кодекс пен жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, ауыз сумен жабдықтау үшін жарамды жер асты су объектілерін өзге мақсаттар үшін пайдалануға жол берілмейді.

6. Жер беті су объектілері жоқ, бірақ ауыз су сапасындағы жер асты суларының жеткілікті қорлары бар аумақтарда жергілікті атқарушы органдар су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың, геология және жер қойнауын қорғаудың уәкілетті мемлекеттік органдарының келісімі бойынша тиісті негіздемесі болған ретте осы суларды ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға байланысты емес мақсаттар үшін пайдалануға рұқсат бере алады.

94-бап. Халықты орталықтандырылған ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау

1. Халықты орталықтандырылған ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауды арнайы су пайдалануға арналған лицензия алған және халыққа ауыз су беру үшін тиісті су құбырлары желісі бар заңды тұлғалар жүзеге асырады.

2. Ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар алынатын суды есепке алуды ұйымдастыруға, сумен жабдықтау көздеріндегі судың жай-күйін үнемі байқап отыруды жүргізуге, көздердегі су сапасының белгіленген мемлекеттік стандарттар мен гигиеналық нормативтерден ауытқуы туралы тез арада жергілікті өкілді және атқарушы органдарға, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың, су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың, қоршаған ортаны қорғаудың, геология және жер қойнауын қорғаудың уәкілетті мемлекеттік органдарына хабарлауға міндетті.

95-бап. Халықты орталықтандырылмаған ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау

1. Халықты орталықтандырылмаған ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау кезінде жеке және заңды тұлғалар су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен жергілікті атқарушы органдарда міндетті түрде тіркелген, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау жөніндегі мемлекеттік органның оң қорытындысы болған ретте тікелей жер беті және жер асты су объектілерінен су алуға құқылы.

2. Халықты орталықтандырылмаған ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау кезінде жер беті және жер асты су объектілерінен су алу тәртібі су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың және санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың уәкілетті мемлекеттік органдарының келісімі бойынша, су объектілері орналасқан аумақтағы жергілікті өкілді және атқарушы органдар белгілеген ережелерге сәйкес жүргізіледі.

18-тарау

Су объектілерін сауықтырушы және рекреациялық мақсаттар үшін пайдалану

96-бап. Сауықтырушы мақсаттағы су объектілерін пайдалану

1. Ресурстарының табиғи емдеу қабілеті бар, сондай-ақ емдеу-алдын алу мақсаттары үшін қолайлы су объектілері сауықтырушы санатына жатады.

2. Табиғи емдеу ресурстары бар су объектілері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сауықтырушы мақсаттар үшін пайдаланылады.

3. Денсаулық сақтау, су қорын пайдалану мен қорғауды басқару, қоршаған ортаны қорғау, геология және жер қойнауын қорғау мемлекеттік органдарының ұсынысы б о й ы н ш а :

1) республикалық маңызы бар сауықтырушы су объектілерінің тізбесін - Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Ү к і м е т і ;

2) жергілікті маңызы бар сауықтырушы су объектілерінің тізбесін - жергілікті а т қ а р у ш ы о р г а н д а р б е к і т е д і .

4. Сауықтырушы мақсаттағы су объектілерін пайдалануға беру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

97-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын рекреациялық мақсаттар үшін пайдалану

1. Сел қаупі бар аймақтарда орналасқан су объектілерін қоспағанда, су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын рекреациялық мақсаттар үшін пайдалануға оған е р е к ш е р ұ қ с а т с ы з ж о л б е р і л е д і .

2. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшілік демалатын, туризм және спорт үшін орындарды қоршаған ортаны және суда адамдардың өмірін қорғау талаптарын сақтай отырып, су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың, қоршаған ортаны қорғаудың және санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың уәкілетті мемлекеттік органдарының келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдар б е л г і л е й д і .

3. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын әуесқойлық және спорттық

балық аулау үшін пайдалануға су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың, қоршаған ортаны қорғаудың уәкілетті мемлекеттік органдарының келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдар рұқсат береді.

19-тарау

Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын ауыл шаруашылығы үшін пайдалану

98-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын ауыл шаруашылығы үшін пайдалану

1. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын ауыл шаруашылығының мұқтаждары үшін пайдалану жалпы және арнайы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Бастапқы су пайдаланушылар қайталама су пайдаланушылардың су пайдалану жоспарларының негізінде су көлемдерін алуға жыл сайынғы өтінімдер жасайды. Су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органы жылдың сулығын ескере отырып және бастапқы су пайдаланушылардың өтінімдері негізінде олар үшін су пайдалану лимиттерін белгілейді. Қайталама су пайдаланушылар үшін су жеткізу көлемдері белгіленген лимиттер ескеріле отырып, бастапқы және қайталама су пайдаланушылар арасында жасалған шарттарда айқындалады.

3. Ауыл шаруашылығы өндірісінің мұқтаждары үшін пайдалану мақсатында еріген, жауын және тасқын суларды жинауға арналған су шаруашылығы құрылыстары бар жеке және заңды тұлғалар арнайы су пайдалануға арналған лицензияға ие болуға және су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органында су пайдалануға келісілген лимиттерді жыл сайын алуға міндетті. Еріген, жауын және тасқын суларды су шаруашылығы құрылыстарын қолданбай, сондай-ақ қоғамдық пайдалануға арналған су шаруашылығы құрылыстарын қолдана отырып, шөп шабу алқаптарын, жайылымдарды, көлтабандарды сумен басу үшін пайдалану жалпы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

4. Жер беті және жер асты су объектілерін жайылымдарды суландыру үшін пайдалану арнайы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

5. Су объектілерін мал суару үшін пайдалануға санитарлық қорғау аймақтарынан тыс жерде және суару алаңдары және басқа да су объектілерінің ластануы мен қоқыстануын болдырмайтын құрылыстар болған жағдайда жалпы су пайдалану тәртібімен жол беріледі.

6. Жеке меншік қосалқы шаруашылық жүргізетін, бағбандықпен және бақша өсірумен айналысатын азаматтарға суару үшін су белгіленген лимиттерге сәйкес арнайы су пайдалану тәртібімен бөлінеді. Жеткілікті су ресурстары болмаған жағдайда суару үшін су басқа су пайдаланушылардың лимиттерін қайта бөлу есебінен бөлінуі

м ү м к і н .

7. Суғару, құрғату және басқа да мелиоративтік жұмыстар су объектілерін және олардың су жинау алаңдарын қорғауды қамтамасыз ететін табиғат қорғау іс-шараларымен бір кешенде жүзеге асырылуы тиіс. Суғарылатын жерлердің мелиоративтік жай-күйінің мониторингін және оны бағалауды республикалық бюджеттің қаражаты есебінен мамандандырылған мемлекеттік мекемелер жүргізеді.

8. Сарқынды суларды суғару үшін пайдалану белгіленген экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жүргізіледі.

9. Суғарылатын аймақта су пайдаланушылар қайталама сулардың көлемі мен сапасын болжауды жүргізеді, су объектілеріне ағызу көлемдерін, жинақтайтын су айдындарын жасауды немесе су-тұз теңгерімін міндетті түрде бақылай отырып, оларды қалыптастырған жерінде пайдалануды жоспарлайды.

99-бап. Гидромелиоративтік кондоминиум

Гидромелиоративтік кондоминиум - жерлер жеке және заңды тұлғалардың жеке меншігінде немесе уақытша өтеулі жер пайдалануында, ал гидромелиоративтік жүйе немесе оның элементтері ортақ үлестік меншік құқығында олардың иелігінде болған жағдайындағы біртұтас меншіктік кешен (бұдан әрі - гидромелиоративтік кондоминиум объектісі) ретіндегі жылжымайтын мүлікке меншіктің ерекше нысаны.

100-бап. Гидромелиоративтік кондоминиумді құру және қызметін тоқтату

1. Екі және одан көп жер пайдаланушылардың немесе жер меншіктенушілердің иелігіндегі бір суғару арнасының немесе оның бөлігінің маңайында орналасқан суғарылатын алқаптардың жерлерінде меншіктің ерекше нысаны - гидромелиоративтік к о н д о м и н и у м қ ұ р ы л а д ы .

2. Жер пайдаланушылардың немесе жер учаскелерін меншіктенушілердің әрқайсысы Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес бөлінген меншіктегі жер учаскесінде өз қалауы бойынша жер учаскесіне немесе жер пайдалану құқығына иелік етуге, оларды пайдалануға және билік етуге құқылы.

Суғару алқабының бөлінген (дара) меншіктегі емес бөліктері (суғару алқабының су шаруашылығы құрылыстары) ортақ үлестік меншік құқығында жер меншіктенушілердің иелігінде болады.

Су шаруашылығы құрылыстары орналасқан жерлер ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден бөлу белдеулеріне жатады және ортақ үлестік меншік құқығында гидромелиоративтік кондоминиумге қатысушылардың иелігінде болады.

3. Әр жер пайдаланушының немесе жер учаскесін меншіктенушінің ортақ мүліктегі үлесі оған тиесілі жер учаскесіне жер пайдалану құқығынан немесе меншік құқығынан ажырамайды. Үлестің көлемі гидромелиоративтік кондоминиумге әр қатысушының суғарылатын жерлері мөлшерінің бүкіл суғару алқабының жалпы алаңына қатысымен анықталады. Ортақ мүліктегі бұндай үлес табиғи түрде бөліне алмайды (идеалдық үлес)

4. Гидромелиоративтік кондоминиумге барлық қатысушылардың келісімінде ортақ мүліктегі үлестің көлемі айқындалмауы мүмкін, бұл жағдайда ортақ мүлік бөлінуге жатпайтын бірлескен меншікте болады.

5. Суғарылатын жер учаскесіне жер пайдалану құқығының немесе меншік құқығының басқа тұлғаға ауысуы алушыға ортақ мүліктегі үлестің де ауысуына әкеп с о ғ а д ы .

6. Суғарылатын жер учаскесі жер пайдаланушысының немесе меншіктенушісінің ортақ мүліктегі өз үлесін суғарылатын жер учаскесінен бөлек иеліктен айыруға құқығы жоқ .

7. Гидромелиоративтік кондоминиумнің ортақ мүлкін пайдалану оның барлық қатысушыларының келісімі бойынша кепілзат ретінде мүмкін.

8. Бір суғару арнасы қызмет көрсететін барлық суғарылатын жер учаскелеріне жер пайдалану құқығы немесе меншік құқығы және оған сәйкес ортақ мүлік бір меншіктенушіге ауысқан жағдайда гидромелиоративтік кондоминиумнің қызметі тоқтатылуы мүмкін.

101-бап. Гидромелиоративтік кондоминиум объектісін тіркеу

1. Гидромелиоративтік кондоминиум объектісі Қазақстан Республикасының жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу туралы заңдарына сәйкес біртұтас кешен ретінде тіркелуі тиіс.

2. Гидромелиоративтік кондоминиум объектісін тіркеуді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес уәкілетті ұйымдар жүргізеді.

102-бап. Суғарылатын жер учаскелері жер пайдаланушыларының немесе меншіктенушілерінің гидромелиоративтік кондоминиумдағы құқықтары

1. Суғарылатын жер учаскелерінің барлық жер пайдаланушылары немесе меншіктенушілері - гидромелиоративтік кондоминиумге қатысушылар ортақ мүлікті басқарудың тең құқықтарына ие .

2. Гидромелиоративтік кондоминиумдағы суғарылатын жер учаскесінің әр жер пайдаланушысының немесе меншіктенушісінің ортақ мүлікті пайдалануға құқығы бар.

Жер учаскесін басқа тұлғаларға жалға беру суғарылатын жер учаскесін меншіктенушінің құқығын шектеуге әкеп соқпайды және оны Қазақстан Республикасының заңдарында және меншіктенушілердің келісімінде меншіктенушіге қойылған міндеттерден босатпайды.

3. Суғарылатын жер учаскелерінің жер пайдаланушылары немесе меншіктенушілері кондоминиумге қатысушылардың келісімінде белгіленген шарттарда шектеулі пайдаланылатын ортақ мүліктің өздеріне бекітілген бөліктерін пайдалануға құқылы.

4. Суғарылатын жер учаскелері жер пайдаланушыларының немесе меншіктенушілерінің қандай да болса шектеулі пайдаланылатын ортақ мүлікті өз атынан иеліктен айыруға құқығы жоқ.

103-бап. Суғарылатын жер учаскелері жер пайдаланушыларының немесе меншіктенушілерінің міндеттері

1. Суғарылатын жер учаскелерінің жер пайдаланушыларына немесе меншіктенушілеріне Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген міндеттер жүктеледі.

2. Суғарылатын жер учаскелерінің жер пайдаланушылары немесе меншіктенушілері ортақ мүлікті ұстауға арналған барлық шығыстарға қатысуға міндетті, ортақ мүліктің сақталуы мен қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауапты болады.

3. Ортақ мүлікті ұстауға арналған шығыстардың көлемдері, егер гидромелиоративтік кондоминиумға қатысушылардың келісімімен өзгеше көзделмесе, суғарылатын жер учаскелері жер пайдаланушыларының немесе меншіктенушілерінің ортақ мүліктегі үлестерінің көлеміне сәйкес белгіленеді.

4. Гидромелиоративтік кондоминиум объектісінің суғарылатын жер учаскесін жер пайдаланушы немесе меншіктенуші пайдаланбаған жағдайда ол ортақ мүлікті ұстауға арналған шығыстардан босатылмайды.

5. Суғарылатын жер учаскелері жалгерлерінің дауыс беру құқығы болмайды және өзге де түрде гидромелиоративтік кондоминиум объектісін басқаруға қатыса алмайды, бірақ гидромелиоративтік кондоминиумға қатысушылар үшін ортақ ережелерді сақтауға міндетті.

104-бап. Гидромелиоративтік кондоминиум объектісін басқару

1. Суғарылатын жер учаскелерінің жер пайдаланушылары немесе меншіктенушілері гидромелиоративтік кондоминиум объектісі тіркелгеннен кейін бір ай ішінде гидромелиоративтік кондоминиум объектісін басқару нысаны туралы мәселені шешуге міндетті.

2. Гидромелиоративтік кондоминиум объектісін басқару нысаны Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оған қатысушылардың келісімімен анықталады.

20-тарау

Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын өнеркәсіп және жылу энергетикасы үшін пайдалану

105-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын өнеркәсіп және жылу энергетикасы үшін пайдалану

1. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын өнеркәсіптің және жылу энергетикасының мұқтаждары үшін пайдалану арнайы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Өнеркәсіп және жылу энергетикасы кәсіпорындары айналымдық сумен жабдықтауға ие болуға міндетті. Айналымдық сумен жабдықтауы жоқ жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың, қоршаған ортаны

қорғаудың және санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың уәкілетті мемлекеттік органдарына нақты мерзімдерін көрсете отырып, айналымдық сумен жабдықтауға көшу жоспарларын беруге міндетті.

3. Ауыз су мен минералдық су санатына жатқызылмаған жер асты сулары жер асты суларын ұтымды пайдалану мен қорғау талаптарын сақтай отырып, арнайы су пайдалану шарттарында техникалық сумен жабдықтау, олардың құрамындағы пайдалы химиялық компоненттерді шығару, жылу энергиясын алу үшін және басқа өндірістік мұқтаждар үшін пайдаланылуы мүмкін.

4. Халықтың денсаулығына және қоршаған табиғи ортаға қауіп төндіретін басқа пайдалы қазбалармен бірге табылған ауыз су мен минералдық су санатына жатқызылмаған жер асты сулары міндетті түрде кәдеге жаратылуы тиіс.

5. Ауыз суды басқа сападағы басқа су объектілері болған жағдайда өнеркәсіп үшін пайдалануға, ол технологиялық процеспен көзделген кәсіпорындарды қоспағанда, жол берілмейді. Дүлей зіл-зала, авариялар кезінде жергілікті атқарушы органдар халықтың ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждарын бірінші кезекте қанағаттандыруды ескере отырып, ауыз суды өнеркәсіптік мақсаттар үшін тұтынуға уақытша рұқсат беруге құқылы. Ауыз суды өнеркәсіптік мұқтаждар үшін тұтыну мерзімдері су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органының келісімі бойынша белгіленеді.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті атқарушы органдар дүлей зіл-зала авариялар және басқа да төтенше жағдайлар кезінде заңдарда белгіленген тәртіппен өнеркәсіп және жылу энергетикасы кәсіпорындарының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануына тыйым салуға құқылы.

106-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын гидроэнергетика үшін пайдалану

1. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын гидроэнергетика үшін пайдалану су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органдарының және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың, ал сел қаупі бар аудандарда төтенше жағдайлар және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша экономиканың басқа салаларының мүдделерін, суларды кешенді пайдалану және оларды қорғау талаптарының сақталуын ескере отырып, арнайы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Су қоймаларындағы және басқа да су айдындарындағы гидроэнергетикалық және гидротехникалық құрылыстарды пайдаланатын ұйымдар:

1) ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтаудың басымдығын сақтай отырып, су қоймаларын толтыру мен босатудың белгіленген режимін;

2) өзендердің жайылмалары мен атырауларында балық ресурстарын сақтау және өсімін молайту үшін аса маңызды өзендер мен су қоймаларының учаскелеріндегі балық шаруашылығының қажеттілігін;

3) кемелер салдардың кедергісіз өткізілуін;

4) белгіленген технологиялық, санитарлық және табиғат қорғаушы су жіберулердің жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Егер су қоймаларын толтыру және босату нәтижесінен туындаған су объектілері табиғи деңгейінің өзгеруі салдарынан жеке және заңды тұлғаларға зиян келтірілсе, кінәлілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оны өтеуге міндетті.

21-тарау

Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын көлік, ағашты сумен ағызу және өртке қарсы мұқтаждар үшін пайдалану

107-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын көлік және ағашты сумен ағызу үшін пайдалану

1. Кеме жүзетін және әуе кемелері ұшып шығатын әрі қонатын санатына жатқызылған Қазақстан Республикасының жер беті су объектілері, осы мақсаттарға оларды пайдалануға толық немесе ішінара тыйым салынған, не олар оқшау пайдалануға берілген жағдайларды қоспағанда, ортақ пайдаланылатын су жолдары
б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Кеме жүзу, ағашты сумен ағызу, әуе кемелерінің ұшып шығуы (қонуы) үшін пайдаланылатын су объектілерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі
а н ы қ т а й д ы .

3. Су объектілерін кеме жүзетін санатына жатқызу тәртібін, кеме жүзу үшін ашық кеме жүзетін су жолдарының тізбесін және оларды пайдалану ережесін бекітуді Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

4. Кеме жүзу үшін пайдаланылатын су объектілерінде кеме тартқышысыз ағашты сумен ағызуға тыйым салынады. Су объектілерінде молдық ағашты сумен ағызуға тыйым салынады. Ағашты сумен ағызуды жүзеге асыратын ұйымдар су объектілерін батып кеткен ағаштардан тазартуды үнемі жүргізіп отыруға міндетті. Ағашты сумен ағызу үшін пайдаланылатын су объектілерінің тізбесін және оларды тазартудың тәртібін су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың және қоршаған ортаны қорғаудың уәкілетті мемлекеттік органдарының келісімі бойынша жергілікті атқарушы
о р г а н д а р а н ы қ т а й д ы .

5. Су объектілерін шағын көлемді жүзу құралдарында жүзу үшін, сондай-ақ әуе кемелерінің ұшып шығуы (қонуы) үшін пайдалану Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті органдар белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Кеме жүзу ағашты сумен ағызу, әуе кемелерінің ұшып шығуы мен қонуы үшін арналған су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану кезінде су
п а й д а л а н у ш ы л а р :

1) суларды ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз етуге;

- 2) кеме жүзуін реттейтін органдардың талаптарын орындауға;
- 3) су объектілеріне шаруашылық-тұрмыстық қалдықтардың және ластайтын заттардың тасталуына жол бермеуге;
- 4) су объектілерінің және су шаруашылығы, гидротехникалық және басқа да құрылыстардың салалары мен жағаларының бұзылуына жол бермеуге;
- 5) басқа жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын бұзбауға міндетті.

108-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын өртке қарсы мұқтаждар үшін пайдалану

1. Өртке қарсы мұқтаждар үшін су алуға оған ерекше рұқсатсыз кез келген су а й д ы н д а р ы н а н ж о л б е р і л е д і .

2. Көрсетілген мақсаттар үшін су алу орындарын таңдауды су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың және қоршаған ортаны қорғаудың уәкілетті мемлекеттік органдары қоятын шарттарды сақтай отырып, жергілікті өртке қарсы қызмет органдары , ал оларды жайластыруды (пирстер, кіреберістер, жарықтық көрсеткіштер және басқалары) - жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыруы тиіс.

3. Өздерінің су құбырлары желілерінде тиісті өрт сөндіретін құрылыстары мен құрылғылары бар заңды тұлғалар оларды оңды жай-күйінде ұстауға міндетті.

4. Арнайы өртке қарсы мұқтаждар үшін арналған су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарынан суды өзге мақсаттар үшін пайдалануға тыйым салынады.

22-тарау

Балық және аңшылық шаруашылығына арналған су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану

109-бап. Балық және балық ресурстарын аулау үшін су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану

1. Балық ресурстарын (соның ішінде өнеркәсіптік балық аулау) сақтау өсімін молайту әрі аулау үшін шешуші маңызы бар су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстары немесе олардың учаскелері, сондай-ақ су қорғау белдеулерінің жер учаскелері жергілікті атқарушы органдардың шешімімен, су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органымен, қоршаған ортаны қорғау, жануарлар дүниесін қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау мемлекеттік органдарымен және су объектілері әрі су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануды жүзеге асыратын кәсіпорындармен келісім бойынша балық шаруашылығы мұқтаждары үшін п а й д а л а н у ғ а б е р і л у і м ү м к і н .

2. Осы баптың 1-тармағында жазылған жағдайларда ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық жабдықтаудан басқа мақсаттарға су объектілері әрі су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану осы Кодекске сәйкес балық шаруашылығы

мүдделерінде шектелуі мүмкін.

3. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарының немесе олардың учаскелерінің және шектеу түрлерінің тізбесін жергілікті атқарушы органдар су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органымен, жануарлар дүниесін қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау мемлекеттік органдарымен келісім бойынша белгілейді.

4. Қарамағына балық, су мен су маңындағы жануарларды аулау мен өсімдіктерді өсіру үшін су объектілері әрі су шаруашылығы құрылыстары пайдалануға берілген жеке және заңды тұлғалар мыналарға міндетті:

1) су қорын пайдалану мен қорғауды басқару мемлекеттік жануарлар дүниесін қорғау уәкілетті органдарымен келісім бойынша су мен су шаруашылығы құрылыстары объектілерінің жай-күйін және балық қорларын өсімін молайту жағдайларын жақсартуды қамтамасыз ететін балық шаруашылығы, мелиоративтік-техникалық іс-шараларды жүргізуге;

2) су объектілері жағалаулары мен су шаруашылығы құрылыстарын олар пайдаланылатын жерлерді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға сәйкес ұстауға.

5. Қорықтар, балық питомниктері, тоған, көл және өзге де балық шаруашылықтары аумағында орналасқандарын, сондай-ақ ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау су қоймаларын қоспағанда, су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын азаматтар балық аулаудың белгілеген ережелерін сақтай отырып, спорттық және әуесқойлық балық аулау үшін пайдалана алады.

110-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын аңшылық шаруашылығы үшін пайдалану

1. Жабайы құстар мен су құстары үшін мекендеу ортасы болып табылатын су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын жергілікті атқарушы органдар су қорын пайдалану мен қорғауды басқару, жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік уәкілетті органдарымен келісім бойынша жеке және заңды тұлғалардың пайдалануына беруі мүмкін.

2. Пайдалану режимі құстар мен су жануарларының жаппай мекендейтін жерлеріне әсер ететін су қоймаларын, көлдер мен басқа да су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану кезінде аңшылық шаруашылығын жүргізу мүдделері ескерілуі тиіс.

3. Мелиоративтік-техникалық жұмыстар мен балық аулауды, су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында, сирек, бағалы суда жүзетін әрі батпақта жүретін құстарды, су және су маңындағы жануарлар мекендейтін жерлерде аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін пайдалы өсімдіктер өсіруді жүргізу су қорын пайдалану мен қорғауды басқару, жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік уәкілетті органдарымен келісім бойынша жүзеге асырылады.

4. Сирек, бағалы суда жүзетін әрі батпақта жүретін құстарды, су жануарлары мекендейтін, сондай-ақ жануарлар дүниесін ұдайы молайту мен қорғау жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылатын жерлерде жергілікті атқарушы органдар су қорын пайдалану мен қорғауды басқару, жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік уәкілетті органдарымен келісім бойынша азаматтардың болуына, әуесқойлық әрі кәсіпшілік аң аулауды, жағалау белдеуінде құрылыс салу және басқа да су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарының аңшылық шаруашылығын жүргізудің жай-күйін нашарлататын іс-әрекеттерге шек қоюы мүмкін.

23-тарау

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар су айдындарын пайдалану

111-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар су айдындарын пайдалану

1. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи қорықтар мен ерекше қорғалатын өзге де табиғи аумақтар су айдындары ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар су айдындарын пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының арнайы заңдарымен айқындалады.

24-тарау

Өзендер мен арналардағы су қоймалары мен гидротехникалық құрылыстарды пайдалану

112-бап. Су қоймалары ретінде пайдаланылатын су айдындарын пайдалану мен іске қосу

1. Су қоймалары жер бетіндегі су ағынын және су пайдаланушылардың суға қажеттіліктерін реттеу мақсатында құрылады.

2. Су қоймаларын жобалау, салу мен пайдалану табиғи қалыптасқан шаруашылық кешендерге осындай араласудың барлық ықтимал теріс салдарларына өтемақы төлеу негізінде жүзеге асырылады.

3. Гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық шарттар талаптары мен экологиялық тұрақтылықты, санитарлық-эпидемиологиялық әрі радиациялық қауіпсіздікті сақтауды, халық пен экономика салалары мүдделерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін шарттар сақталған жағдайда су қоймалары пайдалануға беріледі.

4. Су қоймаларын пайдалану тәртібі су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органы басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша бекітетін ережелермен айқындалады.

5. Су қоймаларын, су ағызу мен су өткізу немесе олардағы су алу құрылыстарын

пайдаланатын ұйымдар су қоймалары әсер ететін аймақтардағы су пайдаланушылар мен жер пайдаланушылар мүдделері ескеріліп, белгіленген су қоймаларын толтыру әрі су ағызу режимін сақтауға міндетті.

6. Су қоймаларын пайдалану ережелерінің сақталуын бақылауды су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органы жүзеге асырады.

7. Осы баптың ережелері, сондай-ақ су қоймалары ретінде пайдаланылатын көлдер мен басқа да су айдындарына қолданылады.

113-бап. Өзендер мен арналардағы тежеуіш гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен іске қосу

1. Өзендер мен арналардағы тежеуіш гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен іске қосу олардың мақсатына, бұл құрылыстарды жобалау кезінде әзірленген шарттары мен нормаларына сәйкес жүргізіледі.

2. Уақытша тежеуіш гидротехникалық құрылыстардың көмегімен су пайдаланушылардың жер бетін су ағынын реттеуі кеме жүруін және осы өзен бассейні су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғауды ескере отырып, су қорын пайдалану мен қорғауды басқару, қоршаған ортаны қорғау, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау уәкілетті мемлекеттік органдарымен, жергілікті атқарушы және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша жүзеге асырылады.

ЖЕТІНШІ БӨЛІМ

СУ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СУЛАРДЫҢ ЗИЯНДЫ ӘСЕРІМЕН КҮРЕСУ

25-тарау

Су қорғау қызметі

114-бап. Су объектілерін қорғау

1. Су объектілері мыналардан:

1) зиянды, қауіпті химиялық және уытты заттармен әрі олардың қосылыстарымен табиғи әрі техногендік ластануы, жылу, бактериалдық, радиациялық және басқа ластанудан;

2) қатты, ерімейтін заттармен, өндірістік, тұрмыстық және өзге де тектегі қалдықтармен қоқыстанудан;

3) сарқылуынан қорғауға жатады.

2. Мыналарды:

1) табиғи жүйелердің экологиялық тұрақтылығының бұзылуын;

2) халықтың тұрмысы мен денсаулығына зиян келтірілуін;

- 3) балық қорлары мен басқа да су жануарлары қорларының азаюын;
- 4) сумен жабдықтау жағдайларының нашарлауын;
- 5) су объектілерінің табиғи өсімі мен тазалануы қабілетінің төмендеуін;
- 6) су объектілері гидрологиялық режимінің нашарлауын;
- 7) су объектілерінің физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттеріне теріс әсер ететін басқа да қолайсыз құбылыстарды болдырмау мақсатында су объектілері қ о р ғ а л у ы т и і с .

3. Су объектілерін қорғау мынадай:

- 1) су объектілерін пайдаланудың кез келген түрін жүзеге асыратын барлық су пайдаланушыларға су қорғау жөнінде жалпы талаптар қою;
- 2) шаруашылық қызметінің жекелеген түрлеріне арнайы талаптар қою;
- 3) жаңа техника мен экологиялық, эпидемиологиялық қауіпсіз технологиялар енгізіп, су қорғау іс-шараларын жетілдіру және қолдану;
- 4) су қорғау аймақтарын, су объектілерін қорғаудың жағалаулық белдеулерін, ауыз сумен жабдықтау көздерін санитарлық қорғау округтерін;
- 5) су объектілерін пайдалану мен қорғаудың мемлекеттік және басқа да нысандарын ж ү р г і з у ;
- 6) су объектілерін қорғау жөніндегі талаптардың орындалмағаны үшін жауапкершілік шараларын қолдану жолдарымен жүзеге асырылады.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес су объектілерін сақтау, олардың ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болдырмау, сондай-ақ аталған құбылыстардың зардаптарын жою жөнінде тұрақты даму принципімен үйлесімді шаралар қабылдайды.

4. Қызметі су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін жеке және заңды тұлғалар ұйымдастырушылық, технологиялық, орман мелиоративтік, агротехникалық, гидротехникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және суларды ластанудан, қоқыстанудан әрі құрудан қорғауды қамтамасыз ететін басқа да іс-шаралар жүргізуге міндетті.

115-бап. Су объектілерін ластанудан қорғау

1. Су объектілерінің ластануы деп су объектілерінің сапалық жай-күйін нашарлататын әрі оларды пайдалануды қиындататын заттардың немесе ластаушы заттардың су объектілеріне тасталуы немесе өзге де тәсілмен түсуі танылады.

2. Су объектілерін қорғау диффузиялық ластануды (жер беті мен ауа арқылы ластануы) қоса алғанда, ластанудың барлық түрінен қорғау жүзеге асырылады.

3. Су объектілерін ластанудан қорғау мақсатында мыналарға тыйым салынады:

Су объектілерінің су жинау алаңында улы химикаттарды, тыңайтқыштарды қолдануға. Дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралар жүргізуді тиісті қызмет түріне лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалар жүзеге асырады. Олардың су объектілерінің су жинау алаңы мен санитарлық қорғау

аймағында химиялық құралдарды қолдануы (дезинфекция, дезинсекция, дератизация) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен келісім бойынша жүргізіледі;

радиоактивті және ұйтты заттарды су объектілеріне тастау әрі көму; су объектілеріне тазалау құрылыстары жоқ әрі нормативтерге сәйкес тиімді тазалауды қамтамасыз етпейтін өнеркәсіптік, тамақ жасау объектілерінің сарқынды суларын ағызуға радиоактивті және улы заттар бөлінуі бірге жүретін ядролық және технологиялардың өзге де түрлері пайдаланылатын жарылыс жұмыстарының су объектілерінде жүргізілуіне халықтың денсаулығы мен қоршаған табиғи ортаға қауіп төндіретін су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарында техника мен технологиялардың қолданылуына.

116-бап. Су объектілерін қоқыстанудан қорғау

1. Су объектісінің гидрологиялық жай-күйі нашарлап, су пайдалануға кедергі келтіретін оларға қатты, өндірістік, тұрмыстық және басқа да қалдықтардың, сондай-ақ салмақты бөлшектердің түсуі су объектілерінің қоқыстануы деп танылады.

2. Су объектілеріне қатты, өндірістік, тұрмыстық және басқа да қалдықтардың тасталуы мен оларды көмуге тыйым салынады.

3. Су объектілері су жинау алаңдарының, су объектілері мұз қабатының, мұздықтардың қатты, өндірістік, тұрмыстық және басқа да олардың шайылуы жер беті және жер асты су объектілері сапасын нашарлатуға әкелетін қалдықтармен қоқыстануына рұқсат етілмейді.

117-бап. Су объектілерін сарқылудан қорғау

1. Су объектілерінің сарқылуы деп су ағынының рұқсат етілетін ең аз мөлшерінің, жер беті сулары қорының немесе жер асты сулары қорының азаюы танылады.

2. Су объектілерінің сарқылуын болдырмау мақсатында су объектілерін пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар мыналарға:

1) су объектілерінен лимиттен тыс қайтарусыз су алуға жол бермеуге;

2) су қорғау аймақтары мен белдеулерінде жер жырту, малды суға тоғыту мен санитарлық өңдеу, құрылыстар салу мен су объектілерінің сарқылуына әкелетін басқа да шаруашылық қызмет түрлерін жүргізуге рұқсат бермеуге;

3) су қорғау іс-шараларын жүргізуге міндетті.

3. Жеке және заңды тұлғалар жүргізетін су объектілерінің сарқылуын болдырмауға бағытталған су қорғау іс-шаралары су қорын пайдалану мен қорғауды басқару, қоршаған ортаны қорғау және геология мен жер қойнауын қорғау уәкілетті мемлекеттік органдарымен алдын ала келісіледі.

118-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарының су қорғау аймақтары мен белдеулері

1. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын санитарлық-гигиеналық, экологиялық талаптарға сай жай-күйде ұстау, жер беті суларының ластануын,

қоқыстануы мен сарқылуын болдырмау, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктер дүниесін сақтау мақсатында ерекше пайдалану шарттары бар су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленеді.

2. Су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылық пайдалануды жергілікті атқарушы органдар су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органымен, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, қоршаған ортаны қорғау органдарымен, жерге орналастыру қызметімен және төтенше жағдайлар жөніндегі органмен (сел қауіп бар аудандарда) келісім бойынша бекітілген жобалық құжаттама негізінде белгіленеді.

3. Су қорғау аймақтары мен жағалаулық қорғау белдеулерінде орналасқан ормандарда негізгі пайдаланудағы ағаш кесуді жүзеге асыруға тыйым салынады. Су объектілерін қорғауды қамтамасыз ететін межелік пайдаланудағы ағаш кесуді және басқа да орман шаруашылығы іс-шараларын жүргізуге рұқсат етіледі.

4. Су қорғау аймақтарында орналасқан ормандарды пайдалануға беру Қазақстан Республикасының орман және су заңдарына сәйкес су қорын пайдалану мен қорғауды басқару уәкілетті мемлекеттік органымен келісім бойынша жүзеге асырылады.

5. Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

119-бап. Суларды санитарлық қорғау аймақтары

1. Ауыз сумен жабдықтау, емдеу, курорттық және халықты сауықтырудың өзге мұқтаждары үшін пайдаланылатын суларды қорғау мақсатында жергілікті атқарушы органдар санитарлық қорғау аймақтарын белгілейді.

2. Санитарлық қорғау аймақтары мен санитарлық қорғау белдеулерін белгілеу тәртібін Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары айқындайды.

120-бап. Су объектілеріндегі төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймақтары

1. Шаруашылық қызмет немесе табиғи процестер нәтижесінде адам денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне қоршаған ортаның жай-күйіне қауіп төндіретін өзгерістер болған су объектілері төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймақтары болып жариялануы мүмкін.

2. Су объектілеріндегі төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймақтарын Қазақстан Республикасының Үкіметі жариялайды.

121-бап. Су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі жер учаскелерін уақытша пайдалануға беру және олардың пайдаланылуын бақылау

1. Су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі жер учаскелері жеке және заңды тұлғаларға шаруашылық қызметі режиміне қойылатын талаптарды сақтау шартымен Қазақстан Республикасының жер заңдарында белгіленген тәртіппен берілуі мүмкін.

2. Су қорғау аймақтары мен белдеулерін пайдалану режимінің сақталуын

мемлекеттік бақылауды су қорын пайдалану мен қорғауды басқару, қоршаған ортаны қорғау, жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар олардың құзыреті шегінде жүзеге асырады.

122-бап. Жер асты сулары объектілерін қорғаудың ерекшеліктері

1. Өндірістік қызметі жер асты суларының жай-күйіне зиянды әсер етуі мүмкін жеке және заңды тұлғалар жер асты суларының мониторингін жүргізуге әрі жер асты суларының ластануы мен сарқылуын және сулардың зиянды әсерін болдырмау жөнінде уақтылы шаралар қабылдауға міндетті.

2. Ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жер асты суларының су жинау алаңдарында радиоактивті және химиялық қалдықтарды, үйінділерді, молаларды, мал қорымын және жер асты суларының жай-күйіне әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға тыйым салынады.

3. Жер асты суларының жай-күйіне әсер етсе немесе әсер етуі мүмкін болса жерлерді сарқынды сулармен суғаруға тыйым салынады.

4. Ұңғымаларды, пайдалы қазбалар кеніштерінің пайдаланылған кен орындарын сарқынды және қашыртқы суларды ағызуға пайдалануға осы Кодекс пен жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңдарда көзделген талаптардың орындалуымен бірге геология мен жер қойнауын пайдалану және санитарлық-эпидемиологиялық, тау-кен қадағалау органдарымен келісім бойынша арнайы су пайдалануға лицензиясы бар жеке және заңды тұлғаларға рұқсат етіледі.

5. Гидрогеологиялық ұңғымалар, соның ішінде өзі құйылатын және барлау, сондай-ақ пайдалануға жарамсыз немесе пайдаланылуы тоқтатылған ұңғымалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен консервация құрылғыларымен жабдықталуы немесе жойылуы тиіс.

6. Бұрғылау және басқа да кен жұмыстарын жүргізген кезде жеке және заңды тұлғалар суы бар жиектерді ашса, олар өзі құйылатын және барлау ұңғымаларын реттеуші құрылғылармен және бақылау құралдарымен жабдықтауға, қоршаған ортаны қорғау, геология мен жер қойнауын қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық және өнеркәсіптегі қауіпсіздік мемлекеттік органдарымен келісілген жобалық құжаттамаға сәйкес жер асты суларын қорғау жөнінде басқа да шаралар қабылдауға міндетті.

7. Жер асты сулары су алу құрылыстарын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар жер асты суларын санитарлық қорғау аймағы мен олардың мониторингін ұйымдастыруға міндетті.

8. Арнайы су пайдалануға лицензиясы болса, пайдалы қазбалар өндіру кезінде су деңгейін төмендету жұмыстарын жүргізуге, құрылыстар салу немесе сулардың зиянды әсерінен қорғау, сондай-ақ мелиорацияланған жерлерде қашыртқы жүйелерін салу әрі пайдалану кезінде жер асты суларын сыртқа шығаруға рұқсат етіледі.

9. Жер асты суларын пайдаланумен байланысты су алу құрылыстарын орналастыру,

жобалау, пайдалануға беру және пайдалану кезінде олардың жер беті су объектілері мен қоршаған ортаға зиянды әсерін болдырмайтын шаралар көзделуі тиіс.

10. Жер асты суларын пайдаланумен байланысты емес жер қойнауын зерттеу, барлау мен пайдалы қазбаларды барлау әрі өндіру, жер асты құрылыстарын салу мен пайдалану кезінде жер қойнауын пайдаланушылар жер асты суларының ластануы мен сарқылуының алдын алу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

26-тарау

Шағын су объектілері және оларды қорғаудың ерекшеліктері

123-бап. Шағын су объектілері

1. К ө л е м і м ы н а д а й :

тұйық су объектілері бойынша - су бетінің алаңы 10 гектарға дейінгі; өзендер бойынша - ұзындығы 200 км-ге дейінгі табиғи су объектілері шағын су объектілеріне жатады.

2. Шағын су объектілерінің су ресурстарын пайдалану жалпы су пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

3. Су қорын пайдалану мен қорғауды басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган осындай су пайдаланудың олардың жай-күйіне салдарларын зерттегеннен кейін және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда арнайы су пайдалану тәртібімен шағын су объектілерінің су ресурстары пайдаланылуы мүмкін.

124-бап. Шағын су объектілерін қорғаудың ерекшеліктері

1. Шағын су объектілерінің шегінде жалпы су пайдалану режимін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулері шегінде шаруашылық қызметті жүзеге асыруды, сондай-ақ олардың ластануы, қоқыстануы мен сарқылуының алдын алу әрі жою жөніндегі шараларды жергілікті атқарушы органдар су қорын пайдалану мен қорғауды басқару, қоршаған ортаны қорғау, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау уәкілетті мемлекеттік органдарымен, ал сел қаупі бар аудандарда, сондай-ақ төтенше жағдайлар жөніндегі органмен келісім бойынша белгілейді.

2. Шағын су объектілерінің сарқылуын, ластануын және азуын болдырмау мақсатында су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік бағдарламаларында және жергілікті атқарушы органдардың жоспарларында оларды қорғау және қалпына келтіру жөнінде іс-шаралар кешені жеке көзделеді.

3. Шаруашылық қызметі шағын су объектілерінің жай-күйі мен режиміне әсер ететін жеке және заңды тұлғалар су қорын пайдалану мен қорғауды басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша шағын су объектілерінің сулылығын қалпына келтіру және олардың суларының тазалығын сақтау жөнінде іс-шараларды жүйеге асыруға міндетті.

27-тарау

Сулардың зиянды әсерінің алдын алу және оларды жою

125-бап. Сулардың зиянды әсерінің алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері

Мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар мыналардың: су тасқындарының, су басудың, су тасудың; жағалау, қорғау бөгеттерінің және басқа да құрылыстар қирауының; жерлердің батпақтануы мен сортаңдануының; топырақ пен су эрозиясының, жыралар құралуының, тау сырғымаларының, сел тасқындарының және басқа да зиянды құбылыстардың алдын алу және зиянды әсерлерін жою жөнінде іс-шаралар жүргізуге міндетті.

126-бап. Судың зиянды әсерінің алдын алу мен жою жөніндегі шараларды жүзеге асыру тәртібі

1. Су шаруашылығы ұйымдары, суды пайдаланушылар, жеке және заңды тұлғалар елді мекендерді, өнеркәсіптік объектілерді, ауыл шаруашылығы жерлерін, қорғалатын аумақтарды судың зиянды әсерінен қорғау жөнінде алдын алу және ағымдағы іс-шараларды жоспарлауға және жүргізуге міндетті. Судың зиянды әсерінің алдын алу мен жою жөніндегі алдын алу және ағымдағы іс-шараларды қаржыландыру суды пайдаланушылардың және мемлекеттің қаражаты есебінен жүргізіледі.

2. Судың зиянды әсерінен туындаған авариялар мен дүлей зілзаланы жоюды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен төтенше жағдайлар жөніндегі органдар жүзеге асырады.

28-тарау

Су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен алқаптарында жұмыстарды жүргізу тәртібі

127-бап. Су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен алқаптарында кәсіпорындарды, объектілерді және басқа да құрылыстарды орналастыру, жобалау, салу, қайта жаңарту және пайдалануға енгізу шарттары

1. Су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен алқаптарында кәсіпорындарды, объектілерді және басқа да құрылыстарды орналастыру, жобалау, салу, қайта жаңғырту және пайдалануға енгізу шарттары су қорын пайдалану мен қорғауды басқару, қоршаған ортаны қорғау, геология және жер қойнауын қорғау, жер ресурстары, санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринарлық қадағалау уәкілетті мемлекеттік органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен, сел қаупі бар өзендерде - төтенше жағдайлар жөніндегі органдармен, кеме жүзетінге жатқызылғандарында - көлік жөніндегі органдармен келісіледі.

2. Жаңадан құрылатын және қайта жаңартылатын кәсіпорындар мен басқа да объектілерді жобалау және салу кезінде, сондай-ақ су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін жаңа технологиялық процестерді енгізу кезінде техникалық сумен қамтамасыз етудің тұйық жүйелерін құруды көздеу қажет.

3. Су объектілерінің және су шаруашылығы құрылыстарының жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды, құрылыстарды және басқа да объектілерді қайта бейімдеу, консервациялау және тарату су қорын пайдалану мен қорғауды басқару, қоршаған ортаны қорғау, геология және жер қойнауын қорғау, жер ресурстары, санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринарлық қадағалау уәкілетті мемлекеттік органдарының және өзге де органдардың келісімі бойынша, белгіленген тәртіппен қоршаған ортаға әсерін, анықталған бұзушылықтардың жойылғанын және келтірілген зиянның өтелгенін бағалай отырып жүргізіледі.

4. Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды, құрылыстарды және басқа да объектілерді салу жобалары су объектілерін демалыс және спорт үшін пайдалану мүмкіндіктерін ескере отырып жасалады.

5. Су объектілері арқылы коммуникациялар салу жобалары су қорын пайдалану мен қорғауды басқару, қоршаған ортаны қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау уәкілетті мемлекеттік органдарымен және қажет болған жағдайларда энергетика органдарымен келісілуге жатады және тасқын суды өткізуді, су объектілерін пайдалану режимін, судың ластануын, қоқыстануын және таусылуын болдырмауды, оның зиянды әсерінің алдын алуды қамтамасыз ететін іс-шараларды жүргізуді көздеуі тиіс.

6. Құрылыс жұмыстарын орындау кезінде жерді қайта өңдеу, аумақтарды көркейту және қоршаған ортаны сауықтыру жөнінде шаралар қабылдануы тиіс.

128-бап. Су объектілерінде және олардың су қорғау аймақтары мен алқаптарында жұмыстарды жүргізу

1. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін, су объектілері мен су қорғау аймақтарындағы құрылыс, түбін тереңдету және жару жұмыстары, паналы қазбаларды және басқа да ресурстарды қазу, кабельдер, құбырларды және басқа да коммуникацияларды өткізу, орман ағаштарын кесу, бұрғылау және өзге де жұмыстар су қорын пайдалану мен қорғауды басқару, қоршаған ортаны қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау уәкілетті мемлекеттік органдарының, жергілікті атқарушы органдардың, кеме жүзетінге жатқызылғандарында - көліктегі уәкілетті органдардың келісімі бойынша жүргізіледі.

2. Су объектілерінде және олардың су қорғау аймақтарында жұмыстар жүргізу тәртібі су объектілерінің жай-күйін, қоршаған табиғи ортаның экологиялық тұрақтылығын сақтау талаптарын ескере отырып, су қорын пайдалану мен қорғауды басқару, қоршаған ортаны қорғау, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау уәкілетті мемлекеттік органдарының, жергілікті атқарушы органдардың және өзге де мүдделі мемлекеттік органдардың келісімі бойынша жеке айқындалады.

СЕГІЗІНШІ БӨЛІМ

Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріндегі шаруашылық қызметті құқықтық реттеудің ерекшеліктері

29-тарау

Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері

129-бап. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріндегі шаруашылық қызметтің құқықтық режимінің міндеттері

Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріндегі шаруашылық қызметті реттеудің құқықтық режимі мынадай міндеттерді шешеді:

- 1) экономика мүдделерінің экологиялық, мәдени және тарихи құрамдас бөліктермен теңгерімін сақтау негізінде аймақтың тұрақты дамуын қамтамасыз ету;
- 2) табиғи су кешенінің су объектілеріндегі судың деңгейін белгіленген шекті белгіден төмен емес деңгейде сақтау;
- 3) өндірістер жұмыс істеуінің технологиялық схемаларын және ұйымдастыру-экономикалық нысандарын тұрақты жетілдіру негізінде су ресурстарын тиімді пайдалану;
- 4) су бассейні мен су объектісінің қоршаған ортасының жағдайын жақсарту;
- 5) аймақтың экономикалық, ресурстық әлеуетін және оның санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық әл-ауқатын сақтауда жұртшылықтың рөлін арттыру;
- 6) балық ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін сақтау және санын молайту;
- 7) рекреациялық кешенді дамыту;
- 8) заңдылықты және экологиялық құқық тәртібін нығайту.

130-бап. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерін қорғаудың ерекшеліктері

Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерін қорғаудың ерекшеліктері:

- 1) аймаққа бөлу және аймақтар бойынша қатаңдау су және экологиялық нормативтер белгілеу;
- 2) су объектілеріне және экологиялық жүйеге антропогендік жүктемені нормалау;
- 3) аймақтың су объектілерін пайдалану ережелерін белгілеу кезінде олардың ерекшеліктерін жергілікті атқарушы органдардың есепке алуы;
- 4) өндіріс қалдықтарын кәдеге жарату кезінде кешенділікті қамтамасыз ету;
- 5) су объектісі бассейнінің аумағын су және жел эрозияларынан, шөлге айналудан, батпақтанудан, екінші рет тұзданудан, өндіріс және тұтыну қалдықтарынан және басқа

заттардан ластанудан қорғау;

б) бұзылған су объектілерін және су қорының жерлерін қайта өңдеу;

7) су объектілерінің арналары бойынша суды экологиялық және санитарлық жіберудің шаруашылық жіберудің алдында басымдылығы.

131-бап. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің аймағындағы шаруашылық қызметке қойылатын талаптар

Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері аймағының экологиялық жүйесін қорғау мақсатында оларда:

1) санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық жағдайды сақтау мен жақсартуға бағытталған қызмет түрлерінің басымдығын;

2) су объектілерінің экологиялық жүйесіне шаруашылық қызметтің әсерін тұрақты азайтуды;

3) тұрақты дамыту принциптерінде әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу мен ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерін қорғаудың теңгерімділігін көздейтін шаруашылық қызметтің ерекше режимі белгіленеді.

132-бап. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің аумағында тыйым салынған қызмет түрлері

1. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің аумағында:

бассейннің табиғи экологиялық жүйелерінің бұзылуын, қоршаған ортаның халықтың өмірі мен денсаулығына қауіпті өзгерістерін туғызатын шаруашылық және өзге де қызметке;

радиоактивті қалдықтарды және зиянсыздандыруға немесе кәдеге жаратуға келмейтін өнімді ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері аймақтарына әкелуге, сондай-ақ онда сақтауға немесе көмекте қамысты шабуға және құрғақ өсімдіктерді өртеуге орман ағаштарын тамырымен суыруға, балық уылдырық салатын өзендердің арналарын өңдеуге;

міндетті мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамасыз аумақта шаруашылық қызметті және жұмыстар мен қызмет көрсетулерді жүргізуге тыйым салынады.

133-бап. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің аймағындағы шаруашылық қызметті реттеуге мемлекеттің қатысуы

1. Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің экологиялық жүйесін сақтау және қалпына келтіру мақсатында орталық және жергілікті атқарушы органдар:

1) аймақтық және салалық бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;

2) су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік схемаларын жасау кезінде аймақтың ерекшеліктерін ескереді;

3) ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің экологиялық жүйесін сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды қаржылық қолдау жөнінде қоғамдық қорлар құру мен қалыптастыруға жәрдем көрсетеді.

2. Мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін республикалық деңгейде үйлестіру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі оның құрамын, өкілеттіктерін және жұмыс тәртібін айқындай отырып, Ұлттық Үйлестіру Кеңесін құруы мүмкін.

ТОҒЫЗЫНШЫ БӨЛІМ

СУ ҚОРЫН ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫ РЕТТЕУДІҢ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕТІГІ

30-тарау

Суды пайдалануды реттеудің экономикалық әдістері

134-бап. Экономикалық реттеу түрлері

Экономикалық реттеудің негізгі түрлері:
суды пайдаланушылардан Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген төлемдер мен алымдарды жинау;

1) су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау бағдарламаларын әзірлеу және бекітілгендерін қаржыландыру;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға олар ресурстарды сақтайтын өз қалдықты технологияларды және энергияның дәстүрден тыс түрлерін енгізген және игерген, су ресурстарын қорғау мен ұтымды пайдалану жөнінде басқа да тиімді шараларды жүзеге асырған кезде кредиттік және өзге де жеңілдіктер беру;

3) қоғамдық қорлар құру және оларды су объектілерін қалпына келтіру мен қорғау үшін пайдалану болып табылады.

135-бап. Су ресурстарын пайдалану үшін ақы төлеу

1. Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей суды пайдалану тегін жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасында арнайы суды пайдалану Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады.

136-бап. Суды жеткізу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу

1. Суды алуға, суларды тасымалдауға, таратуға, тазартуға, суды пайдаланушыларға суды жеткізу кезіндегі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын және басқа да су шаруашылығының іс-шараларын орындауға байланысты қызметтер ақылы негізде жүзеге асырылады.

2. Су шаруашылығы жүйелерінің қызметтері үшін тарифтер Қазақстан

Республикасының монополияға қарсы заңдарына сәйкес бекітіледі.

3. Суды жеткізу жөніндегі қызметтер үшін ақы төлеудің тәртібі мен шарттары тараптардың шарттарымен айқындалады.

137-бап. Су шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың түрлері және су қорын ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі инвестициялық саясаттың принциптері

1. Су шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың негізгі түрлері:

1) су шаруашылығы жүйесінің мемлекеттік мекемелерін ұстау;
2) суды жеткізумен байланысты емес трансшекаралық су шаруашылығы объектілерін және республикалық маңызы бар су шаруашылығы объектілерін пайдалану жөніндегі шығындарды қаржыландыру;

3) ерекше авариялық қаупі бар су шаруашылығы объектілері мен гидромелиоративтік жүйелерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды, сондай-ақ су шаруашылығы іс-шараларының жекелеген аса маңызды түрлерін республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қаржыландыру;

4) су шаруашылығы объектілері мен гидромелиоративтік жүйелердің жаңаларын салуға және пайдаланудағыларын қайта жаңартуға қаржылық ресурстарды, оның ішінде қарыз қаражатын тарту;

5) суды ауыл шаруашылығы су пайдаланушыларына жеткізу жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау;

б) заңдарда белгіленген тәртіппен су шаруашылығы субъектілеріне жеңілдікті және ұзақ мерзімді кредиттер мен басқа да преференциялар беру болып табылады.

2. Су қорын ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі инвестициялық саясаттың негізгі принциптері:

1) қайтарымды негіздегі орталықтандырылған инвестициялардың есебінен су саласын дамытуды мемлекеттік қолдау;

2) инвестициялық су шаруашылығы қызметінде оларды пайдалану үшін кәсіпорындардың өз көздерінің рөлін арттыруды ынталандыру;

3) басқа елдердің капиталдарын тарта отырып инвестицияларды бірлескен мемлекеттік-коммерциялық қаржыландыру практикасын кеңейту;

4) инвестицияларға бағытталатын бюджет қаражатын жұмсауды мемлекеттік бақылау болып табылады.

3. Су шаруашылығын мемлекеттік қолдау және су қорын ұтымды пайдалану мен қорғау жөніндегі инвестициялық саясат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

138-бап. Су қатынастарын сақтандыру

1. Су және су шаруашылығы тәуекелін сақтандырудың мақсаты сулардың зиянды әсерінен, су ресурстарының тапшылығынан, олардың ластануынан, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының аварияларынан туындаған оқиғалар кезінде су қатынастары субъектілерінің мүліктік мүдделерін қорғау болып табылады.

2. Ерікті сақтандыруды суды пайдаланушылар, жеке және заңды тұлғалар өз ынтасы бойынша жүзеге асырады. Ерікті сақтандырудың тәртібі мен шарттары сақтандырушылар мен сақтандырылушылардың арасындағы келісімдермен айқындалады.

ОНЫНШЫ БӨЛІМ

СУ ДАУЛАРЫ ЖӘНЕ СУ ЗАҢДАРЫН БҰЗУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

31-тарау

Су дауларын шешу

139-бап. Су даулары

1. Су объектілерін, су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану мен қорғау және суды бөлу мәселелері бойынша су шаруашылығы субъектілерінің арасында туындайтын даулар су даулары болып табылады.

2. Су шаруашылығы субъектілерінің арасындағы су даулары тараптардың келіссөздері жолымен, оларды суды пайдаланушылардың бірлестіктері, кооперативтері, қауымдастықтары құрған органдарда, жергілікті атқарушы органдарда және су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органында немесе соттарда қарау арқылы шешіледі.

32-тарау

Су заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

140-бап. Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы заңдарының бұзылғанына айыпты адамдар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапкершілікке тартылады.

141-бап. Сулардың жағдайына теріс әсер ететін объектілерді пайдалануға қойылатын талаптар

Су объектілерінің жағдайына әсер ететін шаруашылық және басқа да құрылыстардың пайдаланылуын шектеуді, тоқтата тұруды, мәжбүрлеп тоқтатуды немесе оған тыйым салуды жергілікті атқарушы органдардың, су қорын пайдалану мен қорғауды басқарудың уәкілетті мемлекеттік органының, қоршаған ортаны қорғау, геология және жер қойнауын қорғау мемлекеттік органының, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринарлық қадағалау органдарының қуынымы бойынша сот жүзеге асырады.

142-бап. Өз бетімен басып алынған су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын қайтару

Өз бетімен басып алынған су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстары заңсыз пайдалану уақытында су заңдарының бұзылуымен келтірілген зиянды өтей отырып, иесіне қайтарылады. Өз бетімен басып алынған су объектілерін қайтару сот шешімі бойынша жүргізіледі.

ОН БІРІНШІ БӨЛІМ СУ ҚАТЫНАСТАРЫ, ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ СУЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

33-тарау

Траншекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау

143-бап. Халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

Су қатынастары, трансшекаралық суларды пайдалану мен қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары:

- 1) халықаралық шарттар жасасу негізінде трансшекаралық суларды пайдалану мен қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғау;
- 2) Қазақстан Республикасының халықаралық су конвенциялары мен шарттары бойынша міндеттемелерін орындау;
- 3) шекаралас елдердің трансшекаралық сулар бойынша мемлекетаралық қатынастары бөлігінде су заңдарын үйлестіру мен жақындастыруға қатысу;
- 4) трансшекаралық суларды пайдалану мен қорғау саласындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық, бағдарламаларды, нормаларды, стандарттарды, жобаларды және мониторингті бірлесіп әзірлеу және іске асыру болып табылады.

144-бап. Халықаралық ынтымақтастықтың принциптері

Қазақстан Республикасы трансшекаралық суларды пайдалану мен қорғау саласындағы су қатынастары аясындағы өзінің саясатында мынадай принциптерді б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы :

- 1) жалпыға бірдей экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және халықаралық табиғат қорғау ынтымақтастығын дамыту;
- 2) халықаралық су құқығының жалпы танылған принциптері мен нормаларын ескере отырып, трансшекаралық ағын судың барлық елдерінің су ресурстарын әділ, орынды және өзара тиімді пайдалану құқығын қамтамасыз ету;
- 3) болашақ ұрпақтардың қажеттіліктеріне зиян келтірмей қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыруды ескере отырып, су ресурстарын басқару;

4) адамның экологиялық құқықтарының, мүдделерінің және трансшекаралық өзендер бассейндерінің су шаруашылығы жүйелерінің экономикалық дамуы қажеттіліктерінің теңгерімін сақтау қажеттігі;

5) трансшекаралық суларды пайдалану мен қорғау проблемаларын шешу кезінде өзара көмек көрсету және даулы мәселелерді бейбіт түрде реттеу;

6) трансшекаралық сулардың жағдайына ықтимал трансшекаралық әсер етудің алдын алу жөніндегі сақтық шараларын қабылдауды қамтамасыз ету ("зиян келтірме" п р и н ц и п і) ;

7) халықаралық жауапкершілік және трансшекаралық әсер етуден туындаған залалды өтеу ("ластаушы төлейді").

145-бап. Су қатынастарындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың тетігі

Су қатынастарындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың тетігі мыналарды к ө з д е й д і :

1) трансшекаралық әсер ететін немесе етуі ықтимал қызметті жүзеге асыру кезінде трансшекаралық суларды олардың трансшекаралық сипатын ескере отырып, орынды және әділ түрде пайдалануды қамтамасыз ету;

2) трансшекаралық суларды су ресурстарын экологиялық негіздемелі және орынды басқару, оларды сақтату және қоршаған ортаны қорғау негізінде пайдалану;

3) трансшекаралық суларды ластаудың жолын кесу оны болдырмау, шектеу және қысқарту жөніндегі шаралар ластауды қоршаған ортаның басқа құрамдас бөліктеріне а у ы с т ы р у ғ а а п а р м а у ы т и і с ;

4) трансшекаралық әсер етуден бұзылған экологиялық жүйелерді сақтау және қажет болған жағдайда қалпына келтіру;

5) сарқынды суларды ағызудың шекті нормаларын белгілеу суды пайдаланудың қазіргі заманғы техникалық жетістіктеріне және экономикалық ықтимал жағдайларына сәйкес келетін суды сақтаудың қатаң нормаларына бағдарлану;

6) трансшекаралық сулар мен су объектілерінің мониторингі бағдарламаларын әзірлеу мен келісу және оларды іске асыруға қатысу;

7) трансшекаралық суларды басқару, реттеу және қорғау жөніндегі су объектілерін бірлесіп пайдалануға қаржылық және техникалық қатысу;

8) трансшекаралық өзендердің бассейндеріндегі су шаруашылығы ахуалы туралы ақпарат алмасу, төтенше су жағдайлары кезінде жедел хабардар ету және өзара көмек к ө р с е т у ;

9) шекаралас елдермен нормативтік құқықтық базаны бірегейлендіру, трансшекаралық су объектілерін және олармен байланысты экологиялық жүйелерді қорғау мен қалпына келтірудің бірлескен бағдарламалары мониторингінің, оларды әзірлеудің және іске асырудың бірыңғай жүйелерін құру саласында ынтымақтасу, осы мақсаттар үшін халықаралық ұйымдардың қаражатын тарту;

10) трансшекаралық су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын бірлесіп

пайдалану жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, келісу және жүзеге асыру;

11) трансшекаралық суларды орынды пайдалану мен қорғауға байланысты басқа да қызмет.

146-бап. Халықаралық су қатынастары саласындағы қызметтің құқықтық негізі

1. Трансшекаралық суларды пайдалану мен қорғауға байланысты қатынастар осы Кодекспен, Қазақстан Республикасының заңдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың ережелерімен р е т т е л е д і .

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда Қазақстан Республикасының заңдарындағы трансшекаралық суларды пайдалану мен қорғау ережелерінен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттардың ережелері қ о л д а н ы л а д ы .

3. Трансшекаралық суларды пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы мен шекаралас мемлекеттердің арасында халықаралық шарттар халықаралық су құқығының принциптері мен нормалары ескеріле отырып жасасылады.

147-бап. Халықаралық су қатынастарының экономикалық негізі

Халықаралық су қатынастарының экономикалық негізі мыналарды көздейді:

1. Осы су көзінде және оның маңындағы аумақта биологиялық тепе-теңдікті ұстап тұру, молайту және сақтау мақсатында трансшекаралық су объектілерін тиімді және ұ т ы м д ы п а й д а л а н у .

2. Трансшекаралық әсер ету нәтижесінде кінәлі тарап келтірген залал үшін өтеу ж а у а п к е р ш і л і г і .

3. Басқа мемлекеттер пайдаланатын, трансшекаралық суларды басқару, реттеу және қорғау жөніндегі су шаруашылығы объектілерін бір жақты пайдалануды жүзеге асырушы мемлекетке пайдаланылатын су ресурстарына үлестік қатысу принципінде ш ы ғ ы н д а р ы н ө т е у .

4. Бір мемлекеттің тиісті халықаралық шарттардың негізінде белгіленген өзінің трансшекаралық су ресурстары үлесін (үлесінің бөлігін) өтемдік негізде екінші мемлекетке беруі.

148-бап. Су қатынастары саласындағы дауларды реттеу

1. Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттердің арасындағы трансшекаралық суларды пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша даулар ізгі ниет, өзара сыйластық және тату көршілік қатынастары негізінде келіссөздер жолымен немесе келіссөз жүргізу немесе дауға қатысты тараптарға лайықты басқа әдіспен шешіледі.

2. Келіссөздерді жүргізгенде өзара қолайлы шешімдерге келмеген жағдайда, су дауларын төрелік процесс арқылы шешу орынды деп табылады, егерде трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау жөнінде сәйкесті халықаралық келіссөздермен қарастырылмаса.

149-бап. Осы Кодексті іске қосудың тәртібі

1. Осы Кодекс ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

2. Қазақстан Республикасының 1993 жылдың 31-наурызындағы Су Кодексінің күші жойылды деп танылсын. (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 7, 149-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 22, 408-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2001 ж., N 3, 20-құжат; N 24, 339-құжат).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК